



ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТТАРЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің туған күніне орай құттықтау жеделхатын жолдады.



Президент хатта ҚХР Төрағасының Қазақстан мен Қытай арасындағы мызғымас достыққа, тату көршілікке және өзара қолдауға негізделген мәңгі жан-жақты стратегиялық серіктестікті нығайтуға зор үлес қосқанын атап өткен.

Мемлекет басшысы Қазақстан-Қытай қарым-қатынасының қазіргі «алтын отызылдық» кезеңінде екіжақты ынтымақтастық жоғары қарқынмен сақтай отырып, одан әрі нығая түсетініне және ықпалдастықтың жана бағыттарын қамтитынына сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Си Цзиньпиннің мемлекеттік қызметіне табыс, ал достас Қытай халқына бақ-береке тіледі.

ЖАҢАНДЫҚ СПОРТТАҒЫ ЖАҢА ҚОЛТАҢБА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Геннадий Головкиннің есімі Халықаралық бокс даңқы залына ресми түрде жазылуымен құттықтады.

Президент атап өткендей, бұл тарихи уақиға аты аңызға айналған отандасымыздың жаһандық спорттағы қолтаңбасы айрықша маңызға ие екенін айғақтайды. Сондай-ақ Қазақстанның әлемдік аренадағы шынайы келбеті мен беделін қалыптастыруға қосқан елеулі үлесін көрсетеді.

Мемлекет басшысының пікірінше, Геннадий Головкин – еліміздің мақтанышы әрі халықаралық спорт қоғамдастығындағы елшісі.

Қасым-Жомарт Тоқаев дүниежүзіндегі ең үздік боксшылардың бірінен үлгі алған жас спортшыларымыз жігерленіп, биік белестерді бағындыра беретініне сенім білдірді.

ӘЛЕМГЕ ӘЙГІЛІ ЦИРКТИҢ ҚАЗАҚСТАНҒА ҚАДАМЫ

Әртістер қауіпті трюктер ғана орындап қойған жоқ, олардың әрбірінің жанарында жарқыл бар, харизмасы, актерлік шеберлігі, көрерменмен өзара байланысы бәрінен де шынайы шықты. Бұл туындыда қарапайым көрерменді де сахнаға алып шығып, ерекше импровизациялық ойындар көрініс табады. Өнер ұжымы қауіпсіздік пен технологияның дамығанына қарамастан, шоудағы акробатикалық элементтерді еш сақтандырусыз жасайды. Осындай ерекше қойылымды қазақ жұртына ұсынуға бір жарым жылдан аса уақыт кеткен екен. Қызығы, бұл шоу осыдан бір жарым жыл бұрын ғана қайта өңделіп, көрерменге жаңа нұсқада ұсынылған.

→ 8



СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІКKE ТЫҢ СЕРПІН



Мемлекет басшысы АҚШ Қаржы корпорациясының халықаралық даму жөніндегі атқарушы директоры Бен Блэкті қабылдады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мейманға ілтипат танытып, бұл сапар Вашингтонда қол жеткізілген келісімдердің жалғасы, сондай-ақ АҚШ-пен сан қырлы ынтымақтастықты тереңдету жолындағы маңызды қадам саналатынын атап өтті.

Мемлекет басшысының айтуынша, Ақ үй әкімшілігіне Дональд Трамп келгеннен бастап Вашингтон Астанамен және Орталық Азия аймағымен ықпалдастықты айтарлықтай жандандыра түскен.

– Біз АҚШ Президентінің дипломатияға деген батыл көзқарасын және прагматикалық ұстанымын толық қолдаймыз. Қазақстан Американың Ибраһим келісімдері, Бейбітшілік кеңесі, TRIPP бастамасы және басқа да негізгі жобаларын ілгерілетуге белсенді атсалысуда. Бірлескен күш-жігеріміз бүгінде бұрынғыдан да беки түскен кеңейтілген стратегиялық серіктестігімізге тын

серпін берді. Сіздің сапарыңыз Қазақстандағы ауқымды саяси және экономикалық өзгерістермен түспа-түс келіп отыр. Бұл реформалар елімізді ресурстарға тәуелді модельден білімге бағдарланған әртарапты экономикаға көшіруге бағытталған. Корпорацияның инвестициялық басымдықтары Қазақстанның даму күн тәртібіне сай келеді. Біз нақты әрі өзара тиімді ынтымақтастыққа дайынбыз, – деді Президент.

Бен Блэк қонақжайлық көрсеткені үшін Мемлекет басшысына алғыс айтып, Алматыда Қазақстанның іскерлік қауымдастығымен өте нәтижелі әрі мазмұнды кездесу өткеніне тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев аталған кездесулер екіжақты байланыстарды кеңейту тұрғысынан өзекті екеніне және қол жеткізілген уағдаластықтарды нақты іске асыру қажеттігіне айрықша назар аударды. Мемлекет басшысы Қазақстан тарапы бірлескен инвестициялық жобаларды қолға алуға дайын екенін растады.

Кездесуде аса маңызды минералдар, өзара көлік байланысы, агроөнеркәсіп кешені, цифрландыру және жасанды интеллект салаларындағы ынтымақтастық перспективасы талқыланды. Сонымен бірге Қазақстанда АҚШ Қаржы корпорациясының халықаралық даму жөніндегі тұрақты өкілдігін ашу мәселесі қаралды.

ҚОРҒАНЫСТЫ НЫҒАЙТУ – БАСТЫ МІНДЕТ



Мемлекет басшысы Қорғаныс министрі Дәурен Қосановты қабылдады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қорғаныс ведомствосының жыл басынан бері атқарған қызметінің қорытындысы, әскери қызметшілерді әлеуметтік қорғау және әскери қызметтің беделін арттыру жұмыстары жөніндегі баяндаманы тыңдады.

Мемлекет басшысына Қарулы күштердің жауынгерлік даярлығы, Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясындағы іс-шаралар, ведомствоның автоматтандырылған басқару жүйелері мен цифрлық инфрақұрылымын дамыту туралы мәлімет берілді.

Президентке әскери басқару органдары арасындағы байланысты қамтамасыз етуге және әскерлердің жауынгерлік әлеуетін күшейтуге бағытталған «Батыл тойтарыс – 2026» стратегиялық

командалық-штабтық оқу-жаттығуларына әзірлік барысы баяндалды.

Министр Голан жоталарындағы екінші ұлттық контингент миссиясының сәтті аяқталғанын және үшінші контингенттің ротациясы басталғанын, сондай-ақ қазақстандық әскери қызметшілердің бейбітшілік пен қауіпсіздікке қосқан үлесіне халықаралық қоғамдастық тарапынан жоғары баға берілгенін жеткізді.

Әскерге шақыру науқаны, әскери қызметшілердің мәртебесін көтеру бойынша қолға алынған жұмыстар жөнінде есеп берілді. Өскелең ұрпақты тәрбиелеу, атап айтқанда, 21-27 маусым аралығында Бұрабайда «Айбын – 2026» халықаралық әскери-патриоттық жастар жиынын өткізуге дайындық мәселелеріне назар аударылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қорғаныс министріне Қарулы күштердің жауынгерлік даярлық жүйесін жетілдіруге, армияны цифрлық тұрғыдан трансформациялауға және елдің қорғаныс қабілетін нығайтуға бағытталған бірқатар міндет жүктеді.

КЕЛЕСІ СТАНСА – «ҚАЛҚАМАН»

Метро тарихының басты парағы – жаңа стансалардың ашылуы мен алғашқы пойыздың жолға шығуымен басталды. Содан бері желінің өрісі кеңейіп, жолаушылар ағынының арнасы артты. Шежіреге көз жүгіртсек, Алматы метрополитенінің құрылысы 2011 жылы аяқталыпты.



→ 4

16 МАУСЫМ 2026 | СЕЙСЕНБІ

ЖАҢА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДЕР ҚАРАЛАДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен бюро отырысында алдағы жалпы отырыстың күн тәртібінің жобасы нақтыланды.

Депутаттар назарына бірқатар халықаралық келісімді ратификациялау туралы заң жобалары ұсынылады. Олардың қатарында 2025 жылғы 27 маусымда Минскте қол қойылған Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) пен оған мүше мемлекеттер және Біріккен Араб Әмірліктері арасындағы экономикалық әріптестік туралы келісім бар. Құжат сауда байланыстарын нығайтуға және қазақстандық тауарларды БАӘ нарығына шығару үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

Бұған қоса, күн тәртібіне 2026 жылғы 20 мамырда Астанада қол қойылған Қазақстан мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы қарыз туралы келісімді («Экономиканың инклюзивті және орнықты өсуі» даму саясатын қаржыландыруға арналған екінші қарыз) ратификациялау туралы заң жобасы енгізіліп отыр. Сондай-ақ депутаттар Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің ынтымақтастығы мәселелері жөніндегі құжаттарды қарайды.



«ӘДІЛЕТ» ПАРТИЯСЫНЫҢ II СЪЕЗІ:

ДЕЛЕГАТТАР МАҢЫЗДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ШЕШІМДЕРДІ МАҚҰЛДАДЫ

Астанада «Әділет» партиясының II съезі өтті. Күн тәртібінде партияны одан әрі дамыту, өңірлік филиалдар құру, ұйымдық құрылымды нығайту және ел дамуы жолындағы ортақ міндеттер төңірегінде саяси күштерді топтастыру мәселелері қаралды.

Съезд қарсаңында стратегиялық сессия ұйымдастырылып, делегаттар партияның алдағы кезеңдегі басым бағыттарын талқылады.

II съезд қатысушыларының алдында сөз сөйлеген партия төрағасы Айбек Дәдебай Қазақстанның жаңа даму кезеңіне аяқ басқанын атап өтіп, саяси күштерден реформаларды қолдау ғана емес, халықпен тығыз жұмыс жүргізу және азаматтардың сұраныстарына нақты жауап беруді талап ететінін айтты.

«Біз Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Әділетті Қазақстан құру бағытына толық қолдаймыз және оны мемлекетті ұзақмерзімді нығайтудың стратегиялық бағдары деп санаймыз. Алайда реформалардың табысы тек мемлекеттік шешімдерге ғана байланысты емес. Ол қоғамның өзгерістерге қатысуға дайындығымен және саяси күштердің жауапкершілікпен әрі жасампаздықпен әрекет ете білуімен айқындалады. «Әділет» партиясы құрылған кезде біз бір қарапайым әрі қағидатты ұстанымды негізге алдық: әділетсіз тұрақты даму болмайды. Әділ ережелер орнаған жерде сенім қалыптасады. Сенім бар жерде инвестиция келеді, кәсіпкерлік дамиды, азаматтық белсенділік артып, қоғамдық бірлік нығаяды», — деді Айбек Дәдебай.

Съездегі маңызды шешімдердің бірі — Қазақстанның барлық өңірлерінде партия филиалдарын құру. Делегаттар тиісті шешімді қолдап, филиалдардың қызмет тәртібін айқындайтын ережені бекітті.

Партия Саяси кеңесінің мүшесі Бурихан Нұрмұхамедовтің айтуынша, партияның болашақтағы дамуы өңірлердегі тиімді жұмыс және азаматтармен тұрақты диалогқа тікелей байланысты.

«Партияның тағдыры өңірлерде шешіледі. Біздің жұмысымыздың негізгі аяны да сол жерде. Азаматтардың сенімі де өңірлерде қалыптасады. Адамдар партияны күн сайын нақты істеріне, бастамаларына және нәтижелеріне қарап бағалайды. Сондықтан облыстық филиалдар қоғамдық және саяси өмірдің

толыққанды орталығына айналуы тиіс», — деді Бурихан Нұрмұхамедов.

Партия өкілдерінің айтуынша, өңірлік желіні дамыту қоғамдық жұмысқа жаңа көшбасшыларды тартуға және азаматтардың қоғамдық-саяси үдерістерге қатысу мүмкіндігін кеңейтуге жол ашды.

«Партиялық желінің дамуы азаматтарға мемлекеттік шешімдерді қабылдауға ықпал етіп, азаматтық қоғамды нығайтуға мүмкіндік береді», — деді Қостанай автомобиль көлігі колледжінің директоры әрі партияның Саяси кеңесінің мүшесі Дмитрий Павленко.

Съезд барысында адами капиталды дамыту, білім беру саласы, заманауи технологияларды дамыту және азаматтық қоғам институттарын нығайту мәселелері де талқыланды.

Съезд жұмысын қорытындылай келе, қатысушылар партия құрамын кеңейту және саяси қызметтің тиімділігін арттыру арқылы партияның әлеуетін одан әрі күшейту мәселесін қарастырды.

«AMANAT» партиясының «Әділет» партиясына қосылуы мәселесі бойынша сөйлеген Айбек Дәдебай қазіргі заманның сын-қатерлері қоғам алдында тұрған нақты міндеттерді шешуге бағытталған сындарлы диалог пен нәтижелі практикалық жұмысты талап ететінін атап өтті.

«AMANAT» партиясының «ӘДІЛЕТ» партиясына қосылуы — тар партиялық мүдденен жоғары тұрған, ұлттық жауапкершілікке негізделген парасатты шешім. Бұл — Қазақстан қоғамының ел мүддесі үшін біріге алатындығымыздың нақты дәлелі. Қоғам мен мемлекет алдындағы және келер ұрпақ алдындағы жауапкершіліктен туындаған, елдік берекеге бастайтын байлам», — деді партия төрағасы Айбек Дәдебай.

Талқылау қорытындысы бойынша делегаттар «AMANAT» партиясының «Әділет» партиясына қосылуы туралы шешімді қолдады. Тиісті шешім II съездің қаулысына енгізілді.

Дайындаған
Тілек КАБЫЛ

IT-АЛПАУЫТТАРМЕН ОРТАҚ КЕЛІСІМГЕ ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Премьер-министр Олжас Бектенов NVIDIA вице-президенті Рев Лебаредянмен және FIREBIRD негізін қалаушылар — бас директоры Размик Овакимянмен және Александр Есаянмен кездесу өткізді. Кездесуге Премьер-министрдің орынбасары — жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев, «Қазақтелеком» АҚ басқарма төрағасы Бағдат Мусин, АҚШ-тың Қазақстандағы елшісі Джули Стаффт қатысты.

Америкалық Firebird компаниясы жасанды интеллект инфрақұрылымын құруға, деректер орталықтарын дамытуға және жоғары өнімді есептеу жүйелерін әзірлеуге маманданған. Компания әлемнің түрлі өңірінде жобаларды жүзеге асырып, жасанды интеллект, жоғары өнімді есептеулер және цифрлық инфрақұрылым саласындағы әлемдік көшбасшы NVIDIA сияқты жетекші технологиялық серіктестермен ынтымақтастық орнатқан. Компанияның шешімдері әлемдегі жетекші суперкомпьютерлер мен деректерді өңдеу орталықтарының басым бөлігінде қолданылады, сондай-ақ қазіргі заманғы генеративті жасанды интеллект модельдерінің елеулі бөлігінің негізін құрайды.

Кездесу барысында ұлттық жасанды интеллект инфрақұрылымын дамыту мәселелері талқыланды. Олардың қатарында жоғары өнімді есептеу қуаттарын құру, заманауи деректерді өңдеу орталықтарын

Firebird компаниясының негізін қалаушы әрі бас директоры Размик Овакимян Қазақстанның цифрлық инфрақұрылымды дамытудағы жоғары әлеуетін атап өтті.

NVIDIA компаниясының вице-президенті Рев Лебаредян «ДҰО алқабы» жобасын жүзеге асыруға арналған негізгі технологиялық құралдар мен тәсілдерді және Қазақстанның жаһандық жасанды интеллект экожүйесіне интеграциялану перспективаларын таныстырды.

Кездесуге қатысушылар мұндай жобаларға әлем бойынша қызығушылықтың қарқынды өсіп келе жатқанын жеткізді. Халықаралық сарапшылардың бағалауынша, алдағы жылдары жасанды интеллектің жаһандық нарығының көлемі жүздеген млрд доллардан асады, ал AI-модельдерді оқыту және пайдалану үшін қажетті есептеу қуаттарына сұраныс жыл сайын екі есе қарқынмен өсіп келеді. Осыған байланысты



орналастыру және халықаралық технологиялық серіктестерді тарту мәселелері талқыланды.

Премьер-министр жасанды интеллект пен цифрлық инфрақұрылымды дамыту Қазақстанның негізгі басымдықтарының бірі екенін атап өтті.

«Мемлекет басшысы 2026-шы жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялады. Осы аптада Digital Qazaqstan цифрлық трансформация және жасанды интеллектті дамыту жөніндегі жалпыұлттық стратегиясы қабылданды. Қазір негізгі цифрлық жобалардың бірі — Екібастұз қаласында «Деректерді өңдеу орталықтарының алқабы» жобасы жүзеге асырылып жатыр. Біздің мақсатымыз — жаһандық цифрлық инфрақұрылымды орналастыруға арналған алаң қалыптастыру. Біз Firebird және NVIDIA серіктестерімен жасалған келісімдерді жоғары бағалаймыз», — деді Олжас Бектенов.

Премьер-министр «ДҰО алқабы» жобасының негізгі артықшылықтарына назар аударды. Олардың қатарында ауқымды жер резерві, жеңілдіктер және электр энергиясының бәсекеге қабілетті бағасы бар. Жобаны кең ауқымда тарту мүмкіндігі инвесторлар үшін маңызды фактор, яғни қазіргі таңда 300 МВт қуат қолжетімді болса, алдағы уақытта оны кезең-кезеңімен 1 ГВт-қа дейін арттыру жоспарланып отыр.

мемлекеттер тек әзірлеушілер мен технологиялар үшін ғана емес, сонымен қатар жаңа буынның цифрлық экономикасының негізіне айналатын инфрақұрылым үшін де белсенді бәсекеге түсеуі.

«Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Қазақстан жасанды интеллектті дамытуға арналған ұлттық инфрақұрылымды жүйелі түрде қалыптастыруда. «ДҰО алқабы» жобасы жасанды интеллекті экономикасының жаңа буыны — ЖИ-токендер экономикасының негізгі платформаларының біріне айналады. 10 млрд доллар көлеміндегі инвестициялар елімізде NVIDIA GB300 және Vera Rubin чиптерін қоса алғанда, соңғы буындағы 100 мың GPU-чиптері негізінде ауқымды есептеу кластерін құруға мүмкіндік береді. Біздің бағалауымыз бойынша, жобаны жүзеге асыру жыл сайын кемінде 3 млрд доллар көлемінде экспорттық кіріс әкеледі, жаңа жұмыс орындарын ашады, жаһандық технологиялық компанияларды тартады және Қазақстанның Еуразиядағы негізгі цифрлық хабтардың бірі ретіндегі позициясын нығайтады», — деді Премьер-министрдің орынбасары — жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев.

Жиын қорытындысы бойынша жасанды интеллект және цифрлық инфрақұрылым саласындағы ынтымақтастық туралы жалпы көлемі 10 млрд долларды құрайтын келісімдерге қол қойылды.

БАҒДАР

16 МАУСЫМ 2026 | СЕЙСЕНБІ

Парламент үшін тек сессия ғана емес, кезекті шақырылымның да мерзімі аяқталуда. Сонымен қатар елдің басты заң шығарушы органының жұмыс форматы өзгермек. Яғни еліміздің саяси алаңының болашағы туралы мәселе ерекше өзекті болып отыр. Осы тұста біз 8-ші шақырылым депутатының кейінгі үш жылда немен айналысқаны және ел экономикасын қандай перспективалар күтіп тұрғанын білу үшін Мәжіліс депутаты Руслан Қожасбаевпен сұхбаттастық.

Руслан ҚОЖАСБАЕВ, Мәжіліс депутаты:

БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК

ТИІМДІ РЕФОРМАЛАРДАН БАСТАЛАДЫ

— Руслан Садуақасұлы, Мәжілістегі жұмысыңыздың аяқталуына қандай оймен келіп отырсыз? Болашақ заң шығарушы органның жұмысы қандай болады деп ойлайсыз? Реформаның негізгі идеясы неде?

— Әрине, атқарылған жұмысқа талдау жасалады: не істелді, нені одан да жақсырақ жасауға болар еді. Талдау — дамуға бастайтын жол. Құрылтайға келсек, мұндай реформа саяси ерік-жігерді талап етеді және бұл жай ғана «атауды өзгерту» емес. Бұл — заң шығару жүйесінің неғұрлым икемді архитектурасын іздеу. Қазақстан үшін әлемнің, технологиялардың қарқынды дамуына және өзгеріп жатқан парадигмаларға бейімделу өте маңызды. Мемлекет басшысы — өте тәжірибелі саясаткер. Ол бүгіннің ғана емес, ертеңгі күннің де көкжиегін көре алады, жандық өзгерістердің мән-мәтінін ескереді. Сондықтан еліміздің саяси аренасында жүріп жатқан қазіргі үдерістер бүгіннің ғана емес, болашақтың да сұранысына жауап береді.

Қазір екі маңызды нәрсені түсіну қажет. Біріншіден, мемлекетке Президенттің бағыты төңірегінде бірігу керек. Екіншіден, елге кәсіби мамандар қажет. Менің ойымша, бірігу экономиканы қарқынды реформалау және белгіленген бағытты жүзеге асыру үшін қажет. Реформаларды дәйекті түрде жүргізіп, экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру маңызды. Қоғам, мемлекеттік институттар, бизнес және сарапшылар қауымдастығы бір мақсатта жұмыс істеген кезде, өзгерістер әлдеқайда жоғары нәтиже береді.

Қазіргі әлем халықаралық аренадағы бәсекеге қабілеттілік басым бағыттарға жеткілікті ресурстарды шоғырландыру арқылы қамтамасыз етілетінін дәлелдеді. Мысалы, Қытайдың электромобильдерді әлемдік нарыққа шығару табысының артында ғылым мен технологияға салынған көпжылдық мемлекеттік инвестициялар тұр.

Ал кәсібилік туралы айтатын болсақ, халықтың сапасы мен құзыреттері — елімізге аса қажет капитал. Табысты мемлекеттерге қарап, олардың барлығын біріктіретін нәрсе — адамдардың жоғары деңгейдегі біліктілігі. Дұрыс бағдарламалар мен жақсы ниет жеткіліксіз, нақты нәтижеге қол жеткізе алатын тәжірибелі мамандар қажет. Сондықтан Құрылтай әртүрлі құзыреттері мен практикалық тәжірибесі бар кәсіби кадрларды шоғырландыратын маңызды алаңға айналады деп сенемін.

— Мәжілістің 8-ші шақырылымының жұмысы сарапшылар қауымдастығында көбіне экономикалық бағытқа басымдық берген кезең ретінде сипатталады. Сіз Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің мүшесі ретінде еліміздің экономикасына тікелей әсер ететін заң шығару процесінің бел ортасында жүрдіңіз. Өзіңіз қатысқан бастамалардың ішінде Қазақстандағы бизнес жүргізу жағдайына айтарлықтай ықпал ететін қандай жобаларды атап өтер едіңіз?

— Шынында да, біздің шақырылымының жұмысы көбіне экономиканы дамытуға ықпал ететін нормаларды қабылдауға бағытталды. Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінде біз елдегі экономикалық ахуалға тікелей немесе жанама әсер ететін жүздеген құжаттарды қарастырдық.

Кейінгі үш жыл ішінде мен жеке өзім 30-дан астам заң жобасын әзірлеуге қатыстым, шамамен 500 түзету енгізуге бастамашы болдым және бірнеше заң бойынша жұмыс топтарына жетекшілік ету мүмкіндігіне ие болдым. Біз әріптестерімізбен бірге нақты практикалық мәселелерді шешуге басымдық бердік. Мысалы, инвестициялық жобалар үшін жер учаскелерін беру мәселесін алайық. Бизнеске және облыс әкімдігінде жұмыс істеген тәжірибемнен инвестиция тартауға кедергі келтіретін негізгі факторлардың бірі әлі де болса бюрократия екенін жақсы білемін.

Алдымен депутаттық сауал жолдап, кейін бір жыл бойы орталық мемлекеттік органдармен және әкімдіктермен жүйелі түрде жұмыс жүргіздік. Өзгерістердің қажеттілігін дәлелдеуге тұтас бір жыл кетті. Нәтижесінде, 2024 жылғы 1 маусымда Әділет министрлігі Инвестициялық жобаларды айқындау қағидаларына өзгерістер енгізу туралы бұйрықты тіркелді. Құжатта бизнес жүргізуші жеңілдетін бірнеше маңызды жаңашылдық қарастырылды.

— Ал көп талқыланған «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңға келсек, кәсіпкерлер үшін қандай түбегейлі жаңалықтар енгізілді? Бұл заң экономика жұмысына қалай әсер етеді?

— Мемлекеттік сатып алу туралы жаңа заңға 2025 жылы қол қойылды. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша бұл құжат рәсімдердің шамадан тыс созылуын, негізсіз шағымдардың көптігін жойып, жүйенің ашықтығын арттыруға тиіс болды. Біз дәл осы бағытта жұмыс істедік.



кәсіптік және химия салаларындағы жалпы құны 140 млрд теңгені құрайтын 7 ірі жобаға қолдау көрсетілді. Сонымен қатар агенттік халықаралық қаржылық стандарттарға интеграциялау жұмыстары жүргізілуде.

— Туристік агенттіктердің онлайн-сервисімен тең емес бәсекелестік жағдайына тап болғаны қоғамда кеңінен талқыланған еді. Қазір бұл мәселенің ахуалы қандай? Жалпы, туристік бизнестің болашақтағы дамуын қалай бағалайсыз?

— Меніңше, мәселе тек турагенттіктер мен платформалар арасындағы дауда емес. Бұл — жалпы бәсекелестіктің болашағына қатысты мәселе. Мемлекет технологиялармен күресуі және цифрландыруды шектемеуі керек, алайда нарықтың барлық қатысушылары үшін

ланас сапасы мәселесін көтереді. Жұмыс тобының жетекшісі ретінде айтып берсеңіз, елімізде ұялы байланыс тарифтеріне қатысты жағдай қалай?

— Бұл тақырып көпшілікті толғандырады деп ойлаймын. Желілерге түсетін жүктеме жыл сайын орта есеппен 18%-ға артып келеді. Байланыс тұрақты болуы үшін операторлар 2 жыл ішінде инфрақұрылымға 770 млрд теңге көлемінде қосымша инвестиция салды. Бұдан бөлек, операциялық шығындар да өсуде, электр энергиясының, базалық стансаларға арналған алаңдарды жалға алу құнының қымбаттауы әсер етуде. Сондықтан тарифтердің белгілі бір деңгейде өсуі байқалады.

Депутаттық корпус заң жобасымен жұмыс істеу барысында 140-тан астам түзету енгізді. Қазақстанның аумағы үлкен, ал халық тығыздығы төмен. Шалғайдағы ауылдарда желі салу операторлар үшін экономикалық тұрғыдан тиімсіз. Бұл мәселені шешу үшін «соңғы мильді» субсидиялау қарастырылады, байланыс 1123 ауылға жетіп, шамамен 2,3 млн адамды интернетпен қамтамасыз етеді. Тағы бір шара — спутниктік арналар, ең шағын және шалғай ауылдар үшін KazSat ресурстары пайдаланылады. 2026 жылдың басына қарай 329 шағын ауыл қосылды, биыл жылдың соңына дейін тағы 31 елді мекен қамтылады.

— Ауыл мәселесін қозғаған екенбіз, онда агроөнеркәсіптік кешен тақырыбына да тоқталасыз.

— Қазақстанда шетелдіктердің жерді жалға алу мүмкіндігі жоқ болғандықтан, АӨК-ке сырттан келетін инвестиция ағыны шектелуі. Сол себепті мемлекеттік қолдау шаралары арқылы инвестиция тарту мен саланың дамуын ынталандыру — өте маңызды. Атап айтқанда, менің сауалымда жеңілдікті мөлшерлеменен берілетін «ұзақ мерзімді» несиелер туралы сөз болды, олар дәл осы инвестициялық мақсаттарға бағытталды.

Қазір агроөнеркәсіптік айналым қаражаты мәселесі шешілді деуге болады, фермерлер несиені 5%-бен алады, ал оның қайтарымдылығы 99%-ға жуық. Бірақ қолжетімді пайызбен инвестициялық мақсаттарға берілетін несиенің тапшылығы — әлі де өзекті мәселе. Ауыл шаруашылығы министрлігінде өнеркәсіптік нысандарға арналған мақсатты несиелендіру бағдарламалары бар. Бірақ бұл бағдарламалар бойынша бюджеттен қаржыландыру жеткіліксіз, қаражат жетпей жатыр.

Меніңше, бұл мәселені жүйелі түрде шешіп, сыйақы мөлшерлемесін субсидиялаудың орнына, науқымды әрі мақсаты көп өнім жасау керек. Сыйақы мөлшерлемесі 8-10% болсын, бірақ бұл коммерциялық негіздегі қазіргі 25-26%-дан әлдеқайда тиімді. Қазір бұл мәселе қаралып жатыр және әлі де өзектілігін жойған жоқ.

Осыдан бірнеше күн бұрын ғана мен тағы бір жүйелі мәселені — мемлекеттік қолдаудың тұрақтылығын көтердім. Бұл фермерлер уәде етілген төлемдерді жылдап күтетін субсидиялау бойынша «құту парактары» (листы ожидания) туралы болып отыр. Мұндай бұлыңғыр үміттерді бизнес-жоспарлау кезінде есепке алмаған жоң.

Өз депутаттық сауалымда мен мынадай мәселе қойдым: «құту парағы» құрылған бас тартып, сонымен бірге өтінімдерді бекітілген бюджеттік лимиттер шегінде ғана қабылдау принципіне қайта оралуды және қалыптасқан қарызды кестеге сай өтеу мүмкіндігін қарастыру қажет.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Айна ХАСАН

тең бәсекелестік жағдайын қамтамасыз етуге міндетті.

Технологиялардың дамуы реттеуден озып жүруі — қалыпты құбылыс. Ерте кезеңдегі қатаң реттеу көбіне технологиялардың дамуын тежейді. Мұны бүгінде Еуропада жасанды интеллект саласының дамуынан да байқауға болады. Қазақстанда әзірге цифрлық сервисітерге қатысты бірқатар мәселе туризм туралы заңнама, электрондық коммерция, бәсекелестікті қорғау және тұтынушылардың құқықтарын қорғау салаларының арасындағы «сұр аймақта» қалып отыр.

Саланың болашағын мен дәстүрлі және цифрлық бизнестің қарсы тұруынан емес, олардың өзара ықпалдасуынан көремін. Болашақтың турагенті — кәсіби кенешші.

— Сіз Алматы облысының әкімдігінде, кейін Жетісу өңірінде шамамен 5 жыл қызмет атқардыңыз. Бұл — Қазақстанның ең көрікті аймағының бірі. Сол өңірлердегі туризмнің қазіргі жағдайы қалай?

— Жетісу — менің туған өлкем және Қазақстандағы туризмді дамытуға ең үлкен әлеуеті бар өңірдің бірі. Кейінгі жылдары бірқатар туристік нысандарға апаратын жолдар салынды, инженерлік инфрақұрылым дамытылауда, курорттық аймақтар жаңғыртылауда, орналастыру орындарының саны артып келеді. Бұл — жоққа шығаруға болмайтын нақты нәтижелер.

Алайда ашық айтатын болсақ, өңірлеріміздің туристік әлеуеті мен туризмнің нақты даму деңгейі арасында әлі де елеулі алшақтық бар. Біз әлі күнге дейін жетістікті туристік экономиканың сапасымен емес, салынған нысандардың санымен өлшейміз. Көп жағдайда инфрақұрылымдық жобалар белгілі бір аумақтың бес, он немесе жиырма жылдан кейін қалай жұмыс істейтіні туралы нақты түсінік қалыптаспай тұрып жүзеге асырылады. Туристік ағымдарды талдау, экологиялық жүктемені бағалау және қабылданатын шешімдердің экономикалық тиімділігін саралау секілді кешенді ғылыми тәсілдер әрдайым жеткілікті деңгейде қолданылмайды.

Мен туристік инфрақұрылымды мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы дамытуға үлкен мүмкіндік көремін. Мемлекет базалық жағдайларды жасап беруі керек, ал бизнес қызмет көрсету сапасына және жана туристік өнімдерді дамытуға инвестиция салуы қажет.

— Маусым айының басында Мәжіліс телекоммуникациялар мәселелері жөніндегі заң жобасын қаралды. Бұл құжат бай-

Жұмыс тобының жетекшісі ретінде мемлекеттік сатып алу саласында беделмен адалдық нақты бәсекелестік активке айналатынын атап өткім келеді. Бұл — өте маңызды. Нақты фактілерге тоқталайық. Біріншіден, рәсімдерді өткізу мерзімдері түбегейлі қысқартылды. Бұрын конкурстар кем дегенде 60 күнге созылатын болса, енді тауарлар мен қызметтер бойынша қарапайым конкурстар 10 жұмыс күні ішінде өткізіледі. Ал құрылыс саласында жеңімпаз орта есеппен небәрі 5 жұмыс күнінде автоматты түрде анықталады.

Екіншіден, заң отандық компанияларға бұрын-соңды болмаған жеңілдіктер қарастырды. Атап айтқанда, шарт сомасының 50 пайызы көлемінде міндетті аванс төлеу енгізілді. Сонымен қатар қазақстандық кәсіпкерлер банктік кепілдіктер ұсынудан босатылды, келісім-шарт жасасуда басымдыққа ие болды және айыппұлдарға қатысты жеңілдетілген шарттар қарастырылды.

Үшіншіден, заң адал емес қатысушыларға қатаң тосқауыл қояды. Жалған компанияларды анықтау үшін жұмыс тәжірибесін тексеру талаптары күшейтілді.

Шағымданудың жана төртібі енгізілді. Жаңа норма енгізілгеннен кейін негізсіз шағымдардың саны 23%-ға азайды. Тек екі көрсеткішті келтірейін: отандық тауар өндірушілермен жасалған келісім-шарттардың саны 16%-ға артты, ал олардың жалпы сомасы 23%-ға өсті. Нәтижесінде, отандық өндірушілерден сатып алу көлемі 456 млрд теңгеге жетті.

— Сіз экспорттық-кредиттік агенттік бойынша жұмыс тобын басқардыңыз. Алдағы 5-10 жылда шикізаттық емес экспорттың негізгі драйверлеріне қандай салалар айналуы мүмкін? Қазақстанның әлемдік саудадағы өз орнын нығайтуы үшін не қажет деп ойлайсыз?

— Бұл заң жобасы бойынша біздің алдымызда нақты міндет тұрды — Экономикалық мүдделерін қорғайтын қуатты институт құру. Мемлекет басшысы оны KazakhExport АҚ базасында қалыптастыру жөнінде тапсырма берді. Негізгі мақсат — халықаралық тәжірибеге сүйеніп отырып, шикізаттық емес экспортты қолдаудың негізгі құралдарын бір орталыққа шоғырландыру болды.

Реформа аясында экспорт алдындағы қаржыландыру және халықаралық тендерлерге қатысуға кепілдіктер беру тетіктері енгізілді. Нәтижесінде, агроөнер-

ЭКОНОМИКАНЫҢ ӨСІМІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛМЕК



Премьер-министр Олжас Бектенов Мемлекет басшысының әртараптандыруға баса назар аударуына, экономиканың тұрақты өсуін қамтамасыз ету туралы тапсырмаларын орындау мәселесі бойынша кеңес өткізді.

Онда экономика салаларын дамытудың ағымдағы көрсеткіштері қаралды. Премьер-министрдің орынбасары — Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин, Көлік министрі Нұрлан Сауранбаев, Энергетика министрі Ерлан Аккенженов, Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев, Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров, Қаржы министрі Мәди Такиевтің баяндамалары тыңдалды.

Ұлттық экономика министрлігінің мәліметінше, бес айдың қорытындысы бойынша экономиканың өсуі 3,7%-ды құраған. Өңдеу өнеркәсібінде өсім — 9%. Машина жасауда өндіріс көлемі 22,2%-ға ұлғайды. Қантар-мамыр айларында елімізде 81 мыңнан астам автокөлік құралдары жасалды. Өсім химия өнеркәсібінде 17,8%-ға және құрылыс материалдары

өндірісінде 18,7%-ға қамтамасыз етілді. Ауыл шаруашылығында нақты көлем индексі 103,6% болды. Отын-энергетика кешеніне де назар аударылды.

Премьер-министр инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, жана өндірістерді уақтылы іске қосу және қолда бар өсу резервтерін тиімді пайдалану жөніндегі жұмысты күшейту қажеттігін атап өтті. Министрлерге қажетті өсу қарқынына қол жеткізу үшін барлық шараларды қабылдау тапсырылды. Олжас Бектенов жарты жылдың қорытындысы бойынша нақты көлем индексінің жоспарлы көрсеткіштерінде қол жеткізу үшін мемлекеттік органдарының бірінші басшыларының дербес жауапкершілігін бекітті.

М.ЖАЛҒАСҰЛЫ

КӨКЕЙКЕСТІ

16 МАУСЫМ 2026 | СЕЙСЕНБІ

«КӨРІНБЕЙТІН» АҚШАНЫҢ КӨЛЕМІ ДЕ КӨМЕСКІ

Қазақстан аумағында цифрлық активтер саудасы қарқынды жүріп жатқанына осымен нешінші жыл?! 2023 жылы «Цифрлық активтер туралы» заң қабылданғаннан бастап осы саладағы сауда айналымы ресми органдарға белгілі болып, нақты сауда көлемі айқындала бастағандай еді. Анығы, оған дейін де криптоаудагерлер біздің нарықты әбден жаулап болғанды. Бірақ мемлекет тарапынан соның бәрін заң нормаларымен реттеп, бақылап отыру жағы кемшін түсіп келген. Арнайы заңның қолданысқа енуімен көлеңкеде қалып келген сауда алаңдары мен операциялар жарыққа шықты. Сөйтіп, бір қарағанда мәселе реттелгендей болып көрінген. Алайда ақылға қонымсыз, түсініксіз бір түйткіл көптің көкейінен кетпей қойды. Осы біздің криптонарықта қанша қаражат айналып жатыр? Ресми мекемелер айтып жүрген мәлімет рас па?

А Ербол ТҰРЫМБЕТ

ЖЫЛДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ НЕГЕ ЖЫЛДА ӨЗГЕРЕ БЕРЕДІ?

Қазақстан аумағындағы криптовалюталар саудасы тек Астана халықаралық қаржы орталығының тиісті лицензиясын алған биржаларда жүруі керек. Бұл талап жоғарыда аталған заңда нақты бекітілген. Оған қоса, биыл 1 мамырдан бастап Ұлттық банк те реттеуші функциясын атқара бастады. Бірақ бұл өз алдына бөлек тақырып. Ендіше біздің нарықтағы бүкіл сауда осы орталықтың бақылауында болуы керек деген сөз. Бұлай болатын себебі, АХКО – ерекше құқықтық мәртебесі бар мекеме. Оның аумағында Қазақстан заңдары жүрмейді, «халықаралық» деп аталатын себебі де сол. Сол үшін криптовалюта саудасына ел аумағында тыйым салынып, АХКО сауда алаңдарында ғана рұқсат етілген. Соған сай, біздегі сауда операцияларының бүкіл мәліметін сол жақтан аламыз.

Ал енді сол АХКО-мыз не дейді? Орталық басшысы Ренат Бектұров әлеуметтік желіде 2024 жылғы сауда көлемі 800 млн доллар болғанын бір жариялады. Алайда Бектұров осы сөзімен өзін ұстап бергендей әсер қалдырды. Өйткені Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бытыр 28 қаңтардағы Үкіметтің кеңейтілген отырысында жағдайды түбегейлі қайта қарайтындай сын айтты. Сарапшылардың дерегіне сүйенген Мемлекет басшысының сөзінен, орталық сауда алаңы ретінде қазақстандық криптоинвесторлардың небәрі 5%-ы ғана пайдаланады, қалғаны астыртын жұмыс істейді. Соған байланысты цифрлық активтердің заңды түрде қолдану аясын кеңейтуге арналған инфрақұрылымды жедел құру керек екенін реттеуші органға тапсырды.

Бұл сөз Бектұровты бастапқы сөзін өзгертуге мәжбүр етті ме деп қалдық. Артынша АХКО 2024 жылды «тағы бір қорытындылап», солардың аясында жұмыс істейтін цифрлық активтерге қызмет көрсету провайдерлеріндегі, яғни криптобиржалардағы сауда көлемі 1,4 млрд доллардан, ал олардың клиенттік базасы 140 мыңнан асқанын жариялады.

Бектұров бастаған команданың қызықты ақпараттары мұнымен бітпейді. Енді орталықтың 2025 жылдың 30 желтоқсанында жариялаған деректеріне қарайық. Әлеуметтік желіге әдемілеп безендіріп салған қорытынды сандарда жылды 6,8 млрд доллармен аяқтағаны айтылады. Ал 2024 жылдың мәліметі 2,9 млрд доллар болып кеткен. Осыған дейін бір құбылған статистика қайта оның айналымы қалай?! Мұнысын енді қайттып түсіндіретіні қызық болып тұр.

CHAINALYSIS ДЕРЕКТЕРІНЕ ЖАУАП БОЛА МА?

Ресми мәліметтер осылай шатастып жатқанда, бізде екінші сұрақ туындайды. Шынымен, АХКО деректерінің бұлай өзгеруіне не себеп? Жалпы, Тоқаев әлгі 5%-дық мәліметті қайдан алды? Әлемде осы нарықты сараптап, талдап отыратын бірнеше ұйым бар. Солардың бірі әрі танымалы АҚШ-та орналасқан Chainalysis компаниясының ақпараты біздің құзырлы органдарға тиым бермей тұр. Президенттің де өз сөзін солардың деректерінен сабақтатып отырғаны белгілі. Ал енді сол компания не дейді? 2024 жылдың ортасына қарай зерттеуші жариялап, біздегі сауда айналымының көлемі 4,1 млрд доллардан асып түскенін хабарлады. Ол уақытта АХКО «Қазақстандағы криптовалюта саудасы 2023 жылы 240 млн доллар болды» деп жүрген кез. Кейін сол уақыттағы Қаржылық мониторинг агенттігінің басшысы Дмитрий Малахов та меке-



меаралық бір жиында орасан миллиардтардың көзден таса жүріп жатқанын мәлімдеп, соның тек 12%-ы ғана ресми алаңдарда саудаланатынын мәлімдеген. Сол үшін тиісті шаралар қабылдауға кірісетіндерін де айтқан еді. Қош, мұны бір деп қоялық.

Одан соң бытыр әлгі халықаралық компания 2024 жылдың қорытындысы бойынша бізге тек сырттан кірген қаражат көлемі 15 млрд доллар болғанын және айтты салды. Ақылға салса, оның кері шығысы да болуы керек. Сайып келгенде, әлгі 30 млрд доллардың төңірегінде болуы да мүмкін. Бірақ мәселе онда емес. Ал Бектұровқа салса, сауданың нақты көлемі 1,4 млрд доллардан аспайды. Бұл қайшылық, әлбетте тиісті органдардың назарынан тыс қалмады. Соның ақыры Президентке де жеткен болуы керек.

Бірақ, екіншіше қарай, осыдан кейін біздің нарықтағы көлеңкелі айналым туралы ақпарат жоқ. Өйткені ҚМА төрағасының орынбасары Жәніс Елемесов Мәжіліс отырыстарының бірінде ол мәліметтерге сенімсіздік тудырып, көз жеткізу қажеттілігі туралы айтқан болатын. Кейін олардың өздеріне сұрау салдырып, мәліметтеріне сенімсіздік тудырған соң ол ұйым Қазақстаннан іргесін аулақ салғандай болды. Себебі көлеңкелі айналым ақпараты жарияланбай кетті. Дегенмен орасан қаражат айналымы мен Тоқаев айтқан 95% криптоинвесторлар мәселесі шешімі табылмаған сұрақ күйді калды.

Бір жағынан, шынымен сол орасан қаражаттарға күдік тудыруға да болар еді. Бірақ мәселенің екінші ұшы шыға келді. Зерттеумен айналысып жатқан мамандардың есебіне қарағанда, Қазақстан аумағы-

дағы сол құзырлы органдардың бақылауынан тыс жүріп жатқан айналымның 83%-ы орталықтандырылған криптобиржалар арқылы өткен әрі бұлар АХКО-ның лицензиялы криптобиржалары емес. Соның ішінде шамамен 50%-ы Binance.com платформасына тиесілі болған. Егер көлеңкелі айналым айтқалық, 30 млрд доллар десек, онда Binance.com-ға тиесілі көлемі 11 млрд доллардың айналасы деген сөз. Осы саладан хабары бар жұртшылық үшін әбден мәлім болса да әзірге құзырлы органдар осы олқылық үшін тұшымды жауап бере алмай келеді.

Екінші жағынан, көлеңкелі айналым көлеміне қатысты тың мәліметті енді кімнен алып отырамыз? Ал мұндай тәуелсіз ұйымдардың сараптамасы нарығы жаңадан қалыптасқан біз сияқты елдер үшін ауадай қажет. Себебі криптовалюта саудасын бақылаушы органдар мұқият қадағалап отырмаса, олардан келетін қауіп орасан. Криптовалюталар бір елден бір елге кететін төлемдерді тез жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мұндай сәттерде бақылау әлсіз болса, қылмыстық жолмен алынған қаражатты жасыру немесе заңсыз ұйымдарды қаржыландыру қылмыстарына жол ашылады. Басқаша айтқанда, жемқорлардың ұрлаған қаражатын шетелге шығарудың таптырмас құралына айналып кетуі әбден мүмкін.

ҚУЫРДАҚТЫҢ КӨКЕСІН ҚЫРҒЫЗСТАН КӨРЕСІТТІ

Қазақстан өз нарығымен осылай арпалысып жатқанда, көрші Қырғызстан ерекше жаңалығымен таңғалды. Айырқалпақ елдің Қаржы нарығын реттеу және қадағалау қызметінің есебіне сәйкес, бытыр

виртуалды активтер нарығындағы жалпы айналым 31 млрд доллардан асқан, яғни бұл ресми ақпарат. Криптонарығы шын мәнінде қарқынды өскені көрініп тұр. 2025 жылы криптовалюта нарығындағы операциялар 2024 жылмен салыстырғанда, үш есеге артқан. Бұл нарығы алғаш 2022 жылы заңмен реттеле бастаған кезде айналым небәрі 8 млн доллар ғана еді.

Бұл жаңалық, әлбетте біздің нарықтағы жауапты тұлғаларды ойлантпай қоймас анық. Шекаралас ел өз нарығының ауқымын бірер жылда небәрі 8 миллионнан ондаған миллиардқа жеткізіп жатқанда, біздің нарық неге солай өспейді? Осыдан соң жуырда, мамырдың соңына қарай АХКО тағы бір жылдық қорытынды ақпаратын жариялады. Қаржылық қызметтерді реттеу жөніндегі комитетінің деректері бойынша, толық реттеу режимі аясында цифрлық активтер қызметтерін көрсетуші 9 ұйым қадағалауда болған, тағы 19-ы FinTech Lab алаңында жұмыс істеген. Нәтижесінде бытыр криптобиржалар жүзеге асырған транзакциялардың жалпы көлемі 10,58 млрд долларды құрағанын, ал клиенттік база шамамен 215 мың пайдаланушыға жеткенін қуана хабарлады. Бұған дейін айтылған 6,8 млрд доллар осылай тағы 4 млрд долларға көбейіп шыға келді.

Бұдан бөлек, мына бәр жайтты да айтпай кетуге болмайды. Әңгіме тағы Қырғызстан деректеріне қатысты. 2025 жылдың алғашқы 11 айының өзінде-ақ Қырғызстанның криптонарығы бюджетке 2,1 млрд сом кіріс әкелген, бұл шамамен 11,1 млрд теңге тең. Ал біздегі бейресми деректерге сілтеген мамандардың пікірін қарағанда, 2025 жылға арналған цифрлық активтер бойынша мәліметтерде АХКО криптобиржаларынан Қазақстан бюджетіне түскен теңге 300 миллионға жетпейді. Әлгіде жалпы айналым көлемінің өзі бірнеше рет өзгертіліп, соның өзінде Қырғызстаннан үш есегей аз болып тұрса, салық түсімдерінің көлемі жағдайды тіпті күрделендіріп тұр. Қарапайым есепке салсақ, екі ел арасындағы айырмашылық 38 есеге дейін жетіп отыр. Біздегі нарықтағы жалпы айналым көлемін бір ретке келтіру қиындап жатқанда салық түсімдерінің айырмашылығы оның да бұрынғы статистикасы оған әрі ұшықтарды әу-дейміз. Әйтеуір, аяқасты 10 млрд доллардан асып кеткені бәрімізге жұмбақ. «Көршіден қалмайық» деген дүрмекпен статистиканы қолдан салып жатыр дегіміз келмейді. Алайда қайта-қайта құбылатын деректерге бір тоқтам керек-ақ.

Қазақстанда тұңғыш әрі жалғыз метроның пайда болғанына биыл тура 15 жыл толды. Бұрындары ел дамуының символы ретінде көлік саласына жауапты шенділердің аузынан түспейтін бұл бірегей логистикалық нысан кейінгі кезде тіпті көлік логистикасы талқылатын Үкімет отырыстарынан да, Көлік министрлігінің жиындарынан да жырақтап, ұмыт қалғандай. Назардан тыс қалса да, жерасты әлемі өз тынысымен өркендеу үстінде: жолаушылар ағыны артып, жаңа бекеті бой көтеріп жатыр. Жерасты жолдарының ертеңі қандай және оны не өзгерістер күтіп тұр?

А Айхан ШӘРІП

МЕТРОДАҒЫ МИЛЛИОНДАР ШЕРУІ

Метро тарихының басты парағы – жаңа стансалардың ашылуы мен алғашқы пойыздың жолға шығуымен басталды. Содан бері желінің өрісі кеңейіп, жолаушылар ағынының арнасы артты. Шежіреге көз жүгіртсек, Алматы метрополитенінің құрылысы 2011 жылы аяқталыпты. Бірақ тек тастау жұмыстары тәмамдалған соң сол жылдың 1 желтоқсанында бірінші желінің алғашқы кезегіндегі 7 станса салтанатты түрде пайдалануға берілді.

Уақыт керуені ілгері жылжып, 2015 және 2022 жылдары жаңа учаскелер жолаушылар игілігіне тапсырылды. Бүгінде алып шаһардың «қойнауында» 11 станса халыққа қызмет етіп, қаланың тұрақты мобильділігін қамтамасыз ететін негізгі тірекке айналды. Әсіресе, «Сарыарқа» мен «Бауыржан Момышұлы» стансаларының іске қосылуы жерасты әлеміне жан бітіріп, алып мегаполистің жаңа аудандарының тұрғындарына осы көлік түрін тартымды әрі қолжетімді етті. Бұл үрдіске желел үн қосқан Алматы қаласының «Метрополитен» КМК-ы пойыздардың қозғалыс кестесін бірнеше мәрте қайта қарап, құрамдар арасындағы уақыт интервалын барынша қысқартты. Бұған қоса, метро күн сайын деректерді талдап, құрамдар санын реттеп көлігінің қолжетімділігін жақсартуға тырысады екен.

Соның нәтижесінде жолаушылар ағыны геометриялық прогрессиямен одан ары өсіп келеді: жұмыс күндері бұл көрсеткіш 102-120 мың адамға дейін жетеді. Ал бір жылдық жеде 30 миллион жолаушыға дейін барады. Метрополитен есігін алғаш аяққа ашқан сәттен бүгінге дейін 200 миллионнан астам жолаушы оның қызметіне жүгініпті. Бұл жай ғана статистика емес, бұл – көше-жол желісіне түсетін ауыр жүктемесіңді жеңілетіп, кептеліске тұншыққан қаланың экологиялық тынысын ашқан, стратегиялық маңызы зор базалық көліктің жемісі. Метрополитенде 15 бірлік электр жылжымалы құрам кезек-кезекпен жүйткіп жүрген көрінеді.

КЕЛЕСІ СТАНСА – «ҚАЛҚАМАН»



ЖАҢА СТАНСА – ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ ЖАҢА СЕРПІНІ

«Метрополитен» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының мәліметіне сүйенсек, жерасты жолдарының желісі ары қарай белсенді түрде кеңеймек. Қазір қала билігі бірнеше негізгі жобаны қолға алған. Мәселен, метроның бірінші желісінің екінші кезегіне қарасты үшінші іске қосу кешенінің құрылысы жүріп жатыр. Ол «Бауыржан Момышұлы» стансасын жаңа «Қалқаман» стансасымен жалғам. Құрылысты аяқтау 2026 жылға жоспарланған. Бұдан бөлек, болашақ стансаларды жобалау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Соның ішінде «Қалқаман» және «Барлық» базарымен байланыстыратын бірінші желінің үшінші кезегі бойынша мемлекеттік сараптама жұмыстары жүргізілген.

«Алдағы жылдарға арналған жоспарларда метроның екінші желісін кеңейту бар. Біз қолданыстағы «Жібек жолы» стансасынан шығыс бағытта қозғалып, кейіннен Гоголь көшесіне жетуге ниеттіміз. Одан ары қазу жұмыстары Орталық мәдениет және демалыс саябағына дейін ұласады. Содан кейін ШАЖЖ (Шығыс автомобиль айналымы) мен Құлжа трактна шыға отырып, халықаралық әуежайға дейін жеткізуді жоспарлап отырмыз. Бұл бағыттарда 8 жаңа станса салынады», – деп хабарлады «Метрополитен» КМК.

Жерасты көлігінің басты жаңалығы – «Қалқаман» стансасының іске қосылуы. Ол жолаушылар ағынын бірден 30%-ға арттырмақ. Негізінен, бұл станса құрылысының жобасы 2020 жылы басталған-тын. Алайда Наурызбай ауданының қарқынды дамуы және демографиялық өсімін ескере отырып, 2022 жылы трассировка мен стансаның орналасу нүктесін түзету туралы шешім қабылданды. Сөйтіп, айдау туннельдерінің ұзындығы 2 шақырымға жеткізілді, ал стансаның

өзі Абай даңғылының бойында, Әшімов көшесінен бағытқа қарай орын тепті.

Аталған нысанның толық іске қосылуы қалалық мобильділікті сапалық жаңа деңгейге көтеріп, жерасты көлігін пайдаланушылар санын тәулігіне тағы 30 мың адамға көбейтеді деп күтілуде. Мысалы, кезінде «Сарыарқа» және «Бауыржан Момышұлы» стансаларының ашылуы жолаушылар ағынын 50 мыңнан 120 мың адамға дейін бір-ақ өсірген болатын. Демек, «Қалқаман» да осы үдеудің лайықты жалғасы болмақ.

ЖЕРАСТЫ КӨЛІГІНІҢ ТІЗГІНІ КІМДЕ?

– Жылжымалы құрамды жанарту мәселесі алаңдаушылық туғызады. Бұған дейін шамамен 28,9 млрд теңгеге 10 электрпойыз сатып алуға жарияланған конкурс бірде-бір өтінімнің түспеуіне байланысты «өткізілмеді» деп танылды. Тығырықтың сыры неде? Техникалық құжаттамада сатып алынатын пойыздардың қолданыстағы Hyundai Rotem компаниясы өндіретін қозғалысты басқару жүйесімен толық үйлесімді болуы қатаң талап етілген, – дейді сенатор Ғалиасқар Сарыбаев. Оның пайымдауынша, аталған мәселені жай ғана сатып алу рәсімі емес, стратегиялық маңызы бар көлік инфрақұрылымы объектісінің қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін басты фактор деп қарастырылған тұрыс. Себебі жолаушылар ағынының тоқтаусыз өсуі, желінің кенеттен жұмыс жүйеге түсетін жүктемесін артуы жағдайында жылжымалы құрамды әртараптандыруға байланысты кез келген технологиялық шешімдер кешенді түрде, тәуекелдерді алдын ала дәл бағалауды талап етеді.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, көлік саласының жүйелі тәуекелдерін жеткіліксіз бағалау ауыр салдарға әкелуі мүмкін.

Әлемдегі бірнеше ірі жерасты апаттарының себеп-салдары зерттелгенде, оның астарында бірнеше фактордың жиынтығы, соның ішінде тәуекелдер мен құрылғылардың техникалық жай-күйін жан-жақты бағалау жатқаны дәлелденді. Демек, Алматы метро-сына қатысты қабылданатын кез келген шешім қауіпсіздік, техникалық реттеу және жүйелі тұрақтылық мәселелерді жан-жақты пысықтау арқылы қабылдануға тиіс.

Қазақстанның жалғыз метросында жолға адамдардың құлауы, жылжымалы құрамның пайдалану кезінде техникалық ақау салдарынан түтіндеу сияқты апаттар болып тұрады. Осыған байланысты жуырда бір топ Сенат депутаты метроның инфрақұрылымының және басқару жүйелерінің жай-күйіне кешенді аудит жүргізу, жылжымалы құрамды жанарту мен пайдалану тәсілдерін қайта қарау жөнінде бастама көтерді.

Сенатқа қолданған хатында Премьер-министр Олжас Бектенов те жерасты көлігіне қатысты бір кілтпен барын жасырмады: оны басқаратын жүйе мемлекеттік емес, жекеменшік екен. Яғни метроның «қара айырының» тізгіні жеке компанияның ұсынында.

– Пойыздар мен пойыз қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйесі (АСУД) Алматы метрополитені үшін арнайы әзірленген, алайда ол жалғыз жеткізушінің зияткерлік меншігі болып есептеледі және оған үшінші тарап өндірушілерінің өзгерістерін енгізуге болмайды. Метрополитенді одан әрі дамыту және пайдалану простерінің тұрақтылығын арттыру мақсатында қолданыстағы пойыз қозғалысын басқару жүйесін жаңғырту шаралары қарастырылып жатыр. Аталған шараларды іске асыру әртүрлі өндірушінің жылжымалы құраммен техникалық үйлесімділікті қамтамасыз етуге және жалғыз жеткізушіге

тәуелділікті төмендетуге мүмкіндік береді, – делі О.Бектенов.

Үкімет басшысының мәлімдеуінше, «Метрополитен» компаниясы АСУД жүйесін ауыстыруға және жаңа 10 электр пойыз сатып алуға жоспарлаған. Әйткенмен, бұл дәл қазір жүзеге аспайды, 2027 жылдың соңына дейін ұзайды.

ЖЕРАСТЫНДАҒЫ ЖҰМЫСШЫЛАР ЕРЛІГІ

Алматы қаласы әкімінің мәліметіне сәйкес, 2026 жылы метрополитенді пайдалануға 4,5 млрд теңге көлемінде қаражат жоспарланған. Оның ішінде 1,3 млрд теңге қосалқы бөлшектер мен электрдропның іркіліссіз жұмысын қамтамасыз етуге қажетті жабдықтарды сатып алуға бағытталады. Қалған қаражат электрмен жабдықтау, автоматика және байланыс жүйелерінің, эскалаторлар мен жол шаруашылығының іркіліссіз жұмысын қамтамасыз етуге жұмсалды.

Жеткізушілердің сенімділігіне, жиынтық бөлшектердің сапасына, сондай-ақ өнеркәсіптік, көліктік және ақпараттық қауіпсіздік талаптарының сақталуына ерекше назар аударылады. Алматы метрополитенінің тұрақты дамуы үшін Алматы әкімдігі 2027-2032 жылдарға арналған бесжылдық стратегиялық жоспар әзірлеуге ниетті. Оны дайындау 2026 жылдың II тоқсанына белгіленген.

Аталған жоспар жолаушыларды қауіпсіз тасымалдауды ұйымдастыруға бағытталады, себебі «Қалқаман» стансасынан «Барлық» стансасына дейінгі жаңа стансалар іске қосылғаннан кейін жолаушы легі тәулігіне 120 мың адамнан 170 мың адамға дейін ұлғаяды деп күтіледі.

Еліміздің ең ірі мегаполисі әкімінің тілсіндіруінше, алдағы қала стратегиялық түсініктерін бірден бірнеше мақсатқа қол жеткізуді көздейді. Атап айтқанда, біріншіден, жолаушылар легі күрт ұлғайғанда, метрополитен іркіліссіз әрі қауіпсіз жұмыс істеуге тиіс. Екіншіден, инженерлік инфрақұрылымды дамыту көзделеді. Үшіншіден, автоматтандыру және байланыс жүйелерін жаңғырту жоспарланады. Төртіншіден, жабдықтарды диагностикалау мен мониторингтеудің қазіргі заманғы әдістері ендірілмек. Бесіншіден, құжат көліктегі және техникалық қауіпсіздікті арттыруға бағытталған. Мұның сыртында стандарттаудың бірінші саясатын құруды, инженерлік-техникалық персоналды даярлауды және жаңа объектілерді интеграциялау арқылы желіні одан әрі кеңейтуді қарастырады.

Осы жылдар ішінде метро Алматы тұрғындары мен қонақтары үшін жылдамдық пен жайлылықтың, қауіпсіздік пен экологиялық тазалықтың айнымас символына айналды. Алайда осы үздіксіз қозғалыс пен тоқтаусыз тіршіліктің артында үлкен жұмыс мандай тері жатыр. Метроның күнделікті іркіліссіз жұмысы 1 500-ден астам жоғары білікті маманның – пойыз тізгіндеген машинистердің, білікті инженерлердің, қырағы диспетчерлер мен кассирлердің, станса кезекшілері мен қауіпсіздік қызметінің өлшеусіз күш-жігерімен, кәсіби шеберлігімен қамтамасыз етіліп отыр.

ПАРАСАТ

16 МАУСЫМ 2026 | СЕЙСЕНБІ

Көңіл дәптерін парақтағанда, алаштану жолында ізденген бізге, бізден кейінгі буынға ғибратты ғалым, ұлағатты ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, қоғам қайраткері Дихан Қамзабекұлының өнегелі жолы, үлгілі еңбегі қандай екенін пайымдағымыз келеді. Алаштанушы ғалымның қазіргі әдемі өмір белесіне нендей жетістікпен жеткенін көзі қарақты зиялы қауым жақсы біледі.



Дихан Қамзабекұлы Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің басшылығында қызмет атқарды. Бұл күнде отыз жыл еңбек еткен оқу ордасымен байланысын үзбеді. Шәкірттерге ғылыми жетекшілік жасап, докторлық диссертация қорғайтын Кеңесін басқарады. Ол қазір құрамына бірнеше республикалық басылым кіретін «Қазақ газеттері» холдингінің бас директоры. Негізгі жұмыс орны оқу, білім беру бағытынан ақпарат саласына ауысқанымен, өмірлік басты ұстанымынан, азаматтық қағидатынан, елшіл мұратынан айнымады. «Егемен Қазақстан» еліміздің бас газетіне қызметке барғанында да Алаш аманатына адалдығын айқындай түсті. Смағұл Садуақасұлының қилы тағдыры мен рухани мұрасын терең зерттеп, ұлт қайраткері шығарған «Еңбекші қазақтың» бүгінгі жалғасы «Егемен Қазақстан» газетіне басшылыққа келгені аманатқа адалдықтың, тарихи сабақтастықтың жарқын мысалын байқатты.

Астана қаласының Бараев көшесімен Қараөткел мұсылмандар зираты қасынан өткен сайын Смағұлдың басына қойылған үлкен құлпытасқа қарап, алақанымызды жаямыз, ішімізден аруағына тие берсін деп дұғамызды оқып, ишарамызды жасаймыз. Осылай істеген бейіт жанынан өтіп бара жатқан қоғамдық көліктің ішіндегі адамдарды да талай көрдік. Смағұл сүйегінің күлі Астанаға жеткізілгеніне он бес жылдан асты. Бұл Алаш дәуірін сакталған, осы күнде қаладағы сакралды орынға айналған моланың Астанада пайда болуына бірнеше елшіл азамат себепші болды. Соның ішінде Дихан Қамзабекұлының сінірген еңбегі зор деп айтар едік. Білімпаздығымен, парасатымен, жігерімен, тіпті кейде тәуекелге баруымен Смағұлдың бейігі Астана ортасындағы ескі қорымға орналасты. Сүйектің күлі Мәскеудің Дон зиратханасында құтыда қалмау керектігін, мұсылмандық жолмен қара жер қойнына табысталуға тиістігін Дихан Қамзабекұлы анық білді. Қай жағынан алғанда да, бұл сауапты жұмыс жүзеге асырылу керек еді. Сондықтан да сол

мәселеге қоғам назарын аударып, тәуекелге де барып, Смағұлдың күлін Қараөткел мұсылмандар бейітіндегі қазіргі орнына арулап жерледі. Арда бір жыл өткенде, сол бейітке қазақ халқының соңғы ханы Кеңесары Қасымұлының 200 сарбазы мен 50 жасаулы жатқаны анықталды. Осылайша, тәуелсіз Қазақ елі астанасындағы бұл бейіт қазір азаттық жолында шаһит кеткен Кеңесары хан мен Алаштан қалған бір белгі Смағұл сүйегін біріктіріп тұр.

Әлбетте, Алаш қайраткерлерінің, сталиндік дәуірде қуғын-сүргінге ұшыраған ұлт зиялыларының басына барып құран оқитындай артында моласы да сакталмағаны мәлім. Қатал тағдыр солай шешті. Жарықтық Мағжан ақын «Жан сөзі» өлеңінде мені де біреу жоқтар ма, кейін

молама іздеп келер ме екен деп толғанды да ғой:

«Сұлулықтың асығы — жыршы!» — дер ме?

«Жүректің сырын шешер сыршы!» — дер ме?

Не қуаныш, не қайғы басқан күнде Басыма келіп: «Ақын, тұршы!» — дер ме?

Болмаса басыма да бармас па екен? Атымды аузына да алмас па екен?

Қарайып жасап түзде жалғыз тұрған Молама көз қырын да салмас па екен?

Біз қазір зұлмат жылдарда қуғын-сүргін көрген ұлт қайраткерлері арасынан Әлімхан Ермеқұлы, Мұстафа Шоқай, Міржақып Дулатұлы, Мұстақым Малдыбай сынды санаулы тұлғаның ғана нақты жерленген жерін білеміз. Көп қайраткердің сүйегі ортақ орға көміліп, олардың артында молалары да қалмады. Ал сол арыстар жалған дүниеде өмір сүрген кезінде мәңгілік бақилық дүниені ойлады дей аламыз. Өлшеулі өмірдің аяқталған шағында қара жер

мені ойымша, нағыз қазақ болу үшін біртұтас жерде бірыңғай орналасса жеке ел болып қалыптасар едік. Сонда қазақ Жапония сияқты елге айналар еді. Салынып жатқан шойын жолдар: Атбасар, Ақмола, Шідергі, Керекү, Қызылжар, Көкшетау араларына жүргізілсе; Омбы, Баянаула, Семей жолы салынса, Қарқаралы, Аягөз, Әулиеата арқылы жолдар қатынаса, шіркін, қандай жақсы болар еді... Менің болжауымша, Ақмоладан кейін Шідергі. Сол жерге ең үлкен шаһар салса... Сөйтіп, ұлғая-ұлғая енді елу жылда осы күнгі Әмериканы ең үлкен қаласы Чикагодай болар еді». Ұлт қайраткері Смағұл Садуақасұлы кейіпкерінің бұл қиялының шығарма авторының өз арманы деп қабылдаймыз. Байқасақ, Әліханнан бастап Алаш арыстары қазақ жұртының ел болғанын, оның астанасы салынғанын тіледі.

Қазақ баласы Алаш дәуірінде жүргізілген қажырлы күрестен кейін автономиялы жұртқа айналды, патша заманында жеке-жеке облысқа бөлініп жатқан қазақ жері енді бір орталықтан басқарылатын болды. Патша кезінде қуғын-сүргінді көру, газет шығару, кітап басу, жиын өткізу, сиез шақыру сынды елдің ұлттық санасын оятқан азаттық күрестің барлығы алдымен Алаш, кейін Кеңестік автономияға қол жеткізді. Большевиктермен ымыраға келіп, кейде ұтып, кейде ұтылып, шекараны айқындап жеткен ол автономия Қазақ елінің сыртқы пішіні болды. Сол автономиясының енді ішкі мазмұнын қазақыландыру, ұлт мүддесін әлеумет ісінде жүзеге асыру сынды аса жауапты жұмысқа жұмыла кіріскен Смағұлдай жас қайраткерлердің арманында Арқа төсіне зәулім шаһар салу да болған еді. Арқаның ортасына қазақ баласының жиналғанын, Ақмолада автономия кіндігі орналасқанын аға буын Алаш арыстары да, іні толқынның жарқын өкілі Смағұл да тіледі. Смағұлдың бұл асыл арманы арада жетіс бес жыл өткенде, XX ғасырдың соңында жүзеге асты. Енді сол Арқа төсіне, Астана орталығына ғұмыры қыршын қиылған Смағұл сүйегінің күлі арулап қойылды. Осынау игілікті жұмыстың жүзеге асуына себеп болған, обал

мен сауаптың не екендігін сөзімен ғана емес, ісімен де көрсеткен адам — алаштанушы ғалым Дихан Қамзабекұлы деп есептейміз. Ғалым ағамыздың бұл бір ғана еңбегі оның қайраткерлігін де айқындай түседі. Ғұмыры қыршын қиылған Смағұлдың армандаған ел астанасының мазмұнын ұлттық рухта қалыптастыру, жас буынды Алаш құндылықтарымен тәрбиелеу миссиясы Дихан Қамзабекұлы сынды елшіл азаматтардың мойнына жүктелді.

Кенес билігі ыдырай бастаған жылдарда Алаш арыстарының мұрасын жинау, зерттеу сынды жауапты жұмыс сол уақытта жоғарғы оқу орнын бітіріп, ғылымға енді келіп жатқан талантты жастарға сеніп тапсырылды. Олар аға буын ұстаздардың бағыт беруімен ескі мұраны бүгінгі харіпке түсірді, шаң басқан архив пен кітапхана қорларынан қымбат кітаптарды тапты, Алаш арыстарының ұрпағымен кездесті, сандығында сакталған сирек суреттерді жарыққа шығарды, сарғайған хаттарды жариялады. Токсаныншы жылдардағы тоқырау, әлеуметтік-тұрмыстық қиындық, ғылыми жұмыспен айналысудың материалдық жағынан пайдасының жоқтығы бұл толқынды алған бағыттарынан тайдырмады. Алашты ақтасак, Қазақ елінің тәуелсіздігі де нығая түседі деп сенді ол буын. Бүгінде біздерге аға буынға айналған сол толқындағы елге танымал алаштанушы ғалымдар тарих жүктеген жауапты миссияны абыроймен алып шықты дей аламыз. Осы толқынның ішінде біз алаштанушы Дихан Қамзабекұлының еңбегін жоғары бағалаймыз.

Әлеуметтік желі дамыған сайын Алаш құндылығына қызығатын жастар санының артауына күеміз және сол жетістікке қуанамыз. Алаш ұстанымымен сусындаған бүгінгі қоғам түрлі кесірілі қылықтан, теріс мінезден, сапалы жұрт болуымызға кедергі келтіретін жағымсыз дүниеден арылып, жастардың патриоттық рухта тәрбиеленуіне көмектеседі. Алаш — ұлттың иммунитетін көтеретін асыл қазына, қымбат рухани құндылық. Ол құндылыққа жұрт болып, тұтас ел болып жақындаған сайын қоғамда қордаланған

түрлі шешуін күткен өзекті мәселеден, жат жұрттықтан сініп жатқан бөтен құндылықтардан арылатынымыз кәміл. Осы ретте қоғамды тәрбиелейтін, елдікті нығайтатын жолды көрсететін алаштанушы ғалымдардың, Алаш мұрасын насихаттайтын журналистердің, кез келген ізгі ниетті жанның қызметі ерен. Бұл орайда саналы ғұмырын Алаш мұрасын жинауға, зерттеуге, дәріптеуге арнап келе жатқан Дихан Қамзабекұлының еңбегін биік бағалай аламыз.

Академик Д.Қамзабекұлы қолындағы қажырлы қаламымен, қайраткерлік қызметімен тәуелсіздік кезеңінде Алаштың асыл мұрасын тіркептеп жинап, терең зерттеді. Оны қалың бұқараға кең насихаттады. Сонысымен ол елдігімізді нығайтуға, жұрттығымызды күшейтуге үлес қосты. Алаш көсемі Әліхан Бөкейханның мына нақыл ғалым ағамыздың қаперінде үнемі тұрады деп білеміз: «Алаштың азаматтары! Ақсақ қойдай басқадан кейін қалғанымыз ба? Жок, қалмас амалын іздеп қамданамыз ба? Қалмаймыз десең, қарап жатпалық. Көп іске — көп болып жабылайық! Ұлық іс — ұсақтан ұлғаяды. Кірпіш зор емес, қаласан қандай зор ұй шығады. Шөпшектен жиып, шөмеледей илеу істейтін құмырсқаны көрмейміз бе?». Дихан Қамзабекұлы алаштану бағытында жазған мақаласымен, шығарған кітабымен, өткізген мәжілісімен, берген сұхбатымен, ұйымдастырған конференциясымен ұлық іс атқаруда. Ұсақтан ұлғайған ұлық ісін уақыт өткен сайын анық байқай аламыз.

Дихан ағамыз «Тамшы тама-тама тас жарады» деген мақалды жиі қайталайды. Бұл мақалды жастармен кездескенде, дәріс оқығанда бірнеше рет айтқанды да естідік. Осы өз бізге ағамыздың өзінің шынайы болмысын да айқындап тұрғандай байқалады. Тамған тамшының үздіксіз еңбек десек, жарылған тасты сол еңбектің нәтижесі деп түсінеміз. Ғалым ағамыз тасты жарған тамған тамшыдай істеген еңбегінің нәтижесін көруге өзі калай бейімделсе, жастардан да соны күтеді.

Интернет жүйесі, әлеуметтік желі, жасанды интеллект дамыған заманда адами болмысты, табиғи ұстамдылықты сактай алуға көп парасат керек. Ол парасаттылық асыл тектен, отбасында көрген тәрбиеден, қоршаған ортадан, жиған білімнен, өмірлік тәжірибеден қалыптасады. Соның барлығын біріктіретін асыл құты адамның мінезі десек, қателесе қоймаспыз. Әліхан Бөкейханның «Жұртына қызмет ету — білімнен емес, мінезден» деген дана сөзін осы ретте тағы мысалға келтіргіміз келеді. Білікті ғалым, академик, Алаш дәуірінен, одан кейінгі тарихи кезендерден іргелі зерттеу кітаптардың авторы, көптеген талапты жасты тәрбиелеген Дихан Қамзабекұлының білімділігі мен парасаттылығын ұстаз ағалары да, үзгенілес замандастары да, талапты шәкірттері де мойындады. Түрлі ұйымдар мен жоғары білікті де Дихан ағамыздың еңбегін биік бағалады. Соның бір айғағындай, бұл күнде Дихан Қамзабекұлы көптеген қалалық, республикалық, үкіметтік, мемлекеттік, қоғамдық комиссиялар мен кеңестердің мүшесі болып абыройлы қызмет етіп жүр.

Ғылым жолында бағыт берген, өмір жолында өнеге көрсеткен Дихан Қамзабекұлының еңбекқорлығы, ұстамдылығы, кішіпейілділігі, жастарға қамқорлығы, сөзінде де, ісінде де тиянақтылығы, елдің мүддесін, жұрттың қамын жоғары қоятын намыскерлігі, білімі мен біліктілігі, табанды мінезі, парасат-пайымы және соның барлығын жинақтап тұрған асыл қасиеті — өмірлік қағидаты бізге болмысы бөлек алашшыл азаматты, елшіл қайраткер тұлғаны айқындайды.

Қайырбек КЕМЕНГЕР,
филология ғылымдарының кандидаты,
Л.Гумилев атындағы ЕУУ
қазақ әдебиеті кафедрасының
қауымдастырылған профессоры

Әлеуметтік желі дамыған сайын Алаш құндылығына қызығатын жастар санының артауына күеміз және сол жетістікке қуанамыз. Алаш ұстанымымен сусындаған бүгінгі қоғам түрлі кесірілі қылықтан, теріс мінезден, сапалы жұрт болуымызға кедергі келтіретін жағымсыз дүниеден арылып, жастардың патриоттық рухта тәрбиеленуіне көмектеседі.

құл Қазақ еліне жеткізілді. Алаш арыстарының еңбегі мен аруағына құрмет пен ізет, тірілерге сауап пен тағылым — бәрі де сол игілікті шараның ішінде еді. Десек те, Смағұл сүйегінің күлі Астана төріндегі қорымға, қазіргі орнына бірден қойылмады. Бірнеше ай ол құл жерге тапсырылмай, базар жанындағы мешіттің ішінде тұрып қалғанын да білеміз. Оң жағалау мен сол жағалаудағы біраз атқамінер көрнекті мемлекет қайраткері Смағұл Садуақасұлы сүйегінің күлін мемлекеттік денгейде құрметпен жерлеуге ықылас таныта қоймады. Олардың сол уақытта кімнен қорқып, кімге жалтақтағанын білмейміз. Әйтеуір, Смағұл Садуақасұлы сүйегінің күлі лайықты құрметпен қара жер қойнына табыстала қоймады. Осы кезде Дихан Қамзабекұлы бастаған бір топ алашшыл азамат бұл

қойнында жатамыз, сол уақытта ұрпағымыз бейітімізге келіп рухымызға дұғасын жасар деп тілеген де шығар. Обал мен сауап мәселесі — тірілер мен өлілер арасындағы тылсым да нәзік түсінік. Сол сауапты істің ең маңыздысы — ұлт жолында жандарын берген арыстар басында рухтарына қасиетті құран бағыштағанымыз болар. Сондықтан Садуақастай молланың баласы, имани тәрбиені бесіктен бастап көрген қайраткер Смағұлдың бейігі Қазақ елі тәуелсіздік алған дәуірде Астана ортасына қойылуының маңызы өте жоғары дер едік.

Қаламгер Смағұл Садуақасұлы «Сәрсенбек» романында кейіпкерінің аузына мынадай сөзді салды: «Сәрсенбек күлді де Қаблешті еркелетіп: — Асықта, қазір бәрін айтып берейін. Иә, сонымен барлық қазақ баласы Сарыарқаға жиылды.

ТҮРКІ ДОСТЫҒЫНЫҢ БЕЛГІСІ



Алматыда «Алматы – Түркі әлемінің жастар астанасы» жылының ресми жабылу рәсімі өтті. Салтанатты жиынға Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан, Түркия және Өзбекстан елдерінің өкілдері, Түркі мемлекеттері ұйымының Бас хатшысы Кубаныхбек Өмірәлиев, сонымен қатар ұйымдағы бақылаушы ел саналатын Түрікменстанның делегациясы қатысты.

Еске салсақ, 2025 жылғы 21 мамырда Венгрияның Будапешт қаласында өткен Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммитінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматыға Түркі әлемінің жастар астанасы мәртебесі берілетінін мәлімдеген еді. Осылайша, қала бұл эстафетаны Әзербайжанның Ленкорань қаласынан қабылдап алды.

Бұл мәртебенің берілуі Алматының түркі әлемі жастарының басын қосып, жана бастамалар мен ортақ жобаларға

жол ашатын беделді жастар орталығы ретіндегі орнын тағы бір мәрте айқындай түсті. Аталмыш мәртебе қалаға 2025 жылғы 18 тамызда Түркі мемлекеттері ұйымының IV халықаралық жастар фестивалінің ашылуында берілді.

Жыл бойы «Түркі әлемінің жастар астанасы – 2025» жобасы шеңберінде түрлі форматтағы 50-ден астам іс-шара ұйымдастырылып, оған Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдерден 40 мыңнан астам жас қатысты. Атап айтқанда, 3-ші жастар

алмасу бағдарламасы, Жас қойшақылар мен кәсіпкерлер форумы, Turki Fest Almaty – 2025 мәдени фестивалі, TURKICUP – 2025 халықаралық «Жайдарман» ойыны, Түркі мемлекеттері ұйымы Жастар платформасының III Бас Ассамблеясы және Халықаралық экологиялық хаб секілді ауқымды жобалар іске асты.

Жоба аясында жастар бастамасын қолдау, волонтерлік қозғалысты дамыту және азаматтардың қоғамдық өмірге белсенді араласуына айрықша мән берілді.

Салтанатты рәсім барысында Түркі әлемінің жастар астанасы мәртебесі Алматыдан Өзбекстанның Хиуа қаласына ресми түрде табысталды. Арнайы кілтті тапсыру рәсімі түркі елдері арасындағы достық байланысты сабақтастығын, жастар бастамаларының жалғасуын және ынтымақтастықтың нығая түскенін айшықтады.

Ақбөпе АЙЖАРЫҚ

ДАМУ

16 МАУСЫМ 2026 | СЕЙСЕНБІ



Астана биік ғимараттары, сымдай тартылған көшелерімен ғана емес, мұнтаздай тазалығы, жайқалған жасыл желегімен көрікті. Халқы күн санап өсіп, ірі мегаполиске айналып келе жатқан қаланың сәні мен салтанаты жүйелі жұмыс пен қажырлы еңбекті қажет етеді. Бұл тұрғыда «Астана Тазалық» коммуналдық кәсіпорнын нағыз жанашыр десек болады. Биыл кәсіпорынға жаңа басшы тағайындалды. Сәуір айынан бастап директор қызметіне кіріскен Альберт Есалиевпен сұхбаттасып, кәсіпорынның бүгінгі тыныс-тіршілігі, саладағы өзекті мәселелер мен алдағы жоспарларды жөнінде еңгіме ербіттік.

Альберт ЕСАЛИЕВ:

ҚАРҚЫНДЫ ДАМУ ҚАЖЫРЛЫ ЕҢБЕКТІ ТАЛАП ЕТЕДІ

— Альберт Темірболатұлы, былтыр коммуналдық салада алғашқылардың бірі болып кәсіпорын жұмысын цифрландыруға кірістіңіздер. Жалпы, коммуналдық қызметтің электронды жүйеге көшуі, кәсіпорын жұмысының тиімділігіне қалай әсер етті?

— Цифрландыру және жасанды интеллект технологияларына көшу, бұл Президенттің тікелей тапсырмасы екенін білесіз. Заман қажеттілігіне сай қандай мекеме, қандай сала болмасын электронды жүйеге ауысып жатыр. Біз де 2025 жылы саланы цифрландыру жұмыстарын бастадық. Бұрынғы басшымыз Замир Сағынов елімізде, Астанада ІТ салада жұмыс істеп жатқан мамандарды шақырып, солардың арасында конкурс өткізді. Байқауда іріктелген мықты жобаларды таңдап алды және кәсіби ІТ аналитиктер көмегімен үш ай бойы бәрін зерттеп, саралап, сосын ғана коммуналдық қызметке цифрландыруды енгізді. Бұл — бірлескен, яғни «кәсілісіп пішілген», қала әкімі Жәніс Қасымбектің қолдауымен жүзеге асырылып жатқан жұмыс. Алғаш жасанды интеллект жұмысқа араласа бастағанда аздап түсініспеушілік болса, қазір жұмысшылар да бейімделді, ешқандай келіспеушілік жоқ.

Бірінші енгізілген жүйе — «Цифрлық жол парағы» деп аталатын жаңа шешім коммуналдық саладағы ашықтық пен бақылаудың жаңа дәуіріне жол ашты. Бұл жүйе арқылы қала көшелеріне шыққан әрбір техниканың қайда жүргенін, қозғалыс бағыттарын, орындалған жұмыс көлемін әрі материалдардың шығынын, жұмыс барысын нақты бақылауға мүмкіндік туды. Бұрын мұндай жұмыс қағаз жүзінде жүргізілетін. Қазір осы электронды жол парағы арқылы жүйесіздіктің алдын алу, көленкелі әрекеттерді тыю, заңбұзушылыққа жол бермеу секілді бірқатар жұмыс реттелді. Барлық процесс автоматтандырылғандықтан, операторлар техниканың қозғалысын нақты уақыт режимінде көріп отыр. Бұл тек бақылау

емес, ресурстарды тең бөлуге, жанармай шығынын азайтуға, тиімді маршрут жоспарлауға мүмкіндік беретін экономикалық құрал. Мысалы, қазір жол парағын рәсімдеу уақыты 10 минуттан 1 минутқа дейін қысқарды. Медициналық тексеруде адам факторы жойылып, техниканы желіге шығару қауіпсіздігі артты. Жанар-жағармай шығынын бақылау күшейді, отын деңгейін бақылау датчиктері мен бос жүрісті есепке алу арқылы жыл сайын 10%-ға дейін қаржы үнемделді. Техниканы мақсатсыз пайдалану түгел дерлік жойылды, жұмыс тиімділігі артты. Нақты уақыттағы деректердің арқасында басқарушылық шешім қабылдау 15%-ға жеделдеді, «өтінім — орындау — акт» тізбегінің ашықтығы тәртіпті күшейтіп, даулы жағдайларды азайтты.

Жалпы, цифрландыру тек техниканың қозғалысын бақылаумен шектелмейді. Жаңа электронды жүйе коммуналдық кәсіпорын қызметкерлерінің қауіпсіздігін де жаңа деңгейге көтерді. Med365 және Adal Check жүйелерімен қызметкерлердің денсаулығын күнделікті онлайн бақылауға мүмкіндік туды. Мұндай жаңашылдық арнайы техника жүргізушілерінің жұмысқа рұқсатын нақтылап, төтенше жағдайлардың алдын алуды мақсат етеді. Одан бөлек, жүргізушінің шаршауын бақылау жүйесі де енгізілген. Кабина ішінде орнатылған камералар қауіпсіздік белдігін тақпау, рульде қалғып кету немесе бағытты өз бетінше өзгерту сияқты бұзушылықтарды бірден тіркеп, орталыққа хабар береді.

— Саланың цифрлануы және автоматты жүйеге ауысуы жұмысшыларды қысқарту секілді мәселе тудырып жатқан жоқ па? Жұмысшылардың жаңа технологияны меңгеруі, электронды жүйеге бейімделуі

бағытында оқыту және үйрету тетіктері қарастырылған ба?

— Қаланың коммуналдық саласын жетілдіруде үнемі жанашылдыққа, кәсіби өсуге, технологиялық даму мен әлеуметтік жауапкершілікті арттыруға баса назар аударуымыздың да басты себебі, кәсіби мамандар легін қалыптастыру, жұмысшылар қатарын толықтыру секілді қажеттілікке байланысты. Сондықтан біздің мекемеде адам еңбегінің өзіндік ерекшеліктері бар. Цифрландыру, жасанды интеллект бірқатар жұмысты жеңілдеткенмен, дене еңбегі дегендей, көше мен тротуарлардың уақытты тазалануы, жолдардың қауіпсіз болуы секілді көзге көрінбейтін еңбек тек мыңдаған адамның қолымен жасалады. Әсіресе уақытпен санаспай, жаяу жүріп, қолмен қызыл жинайтын жұмысшыларға сұраныс пен қажеттілік өзгермейтін шығар.

Шындығында, коммуналдық қызметтің жұмысы жеңіл емес. Қыстың қақаған суығы мен өкпек желі, қарлы боранына, жаздың аптап ыстығына қарамай, еңбек етуге тура келеді. Соған қарамастан, еліміздің түкпір-түкпірін, алыс-жақыннан бізге жұмыс іздеп келетіндер көп. Жұмысшылардың шамамен 90%-ы іргелес ауылдардан келеді. Олар жұмысқа мекеменің шағын автобустарымен тегін қатнайды және басым бөлігі жұмысқа таң атпай 03.00-ден қамданады. Себебі тәртіп бойынша 06.00-де жұмысқа кірісуі қажет. Бізде 2000-ға жуық адам жұмыс істейтін болса, олардың саны жаз кезінде 1 300-ге жуық адамға дейін қысқарады. Дегенмен жылдың төрт мезгілі, күн-түн демей қаламыздың тазалығын қамтамасыз ету үшін қажымас еңбек пен орасан күш-жігер қажет. Қала көшелерінен бастап, тротуарлар, саябақтар,

аландар мен аялдамаларға дейінгі 24 миллион шаршы метрге жуық аумақ күн сайын санитарлық тазалаудан өтеді. Оның ішінде 9,9 миллион шаршы метрі — арнайы техникалармен, ал 14,4 миллион шаршы метрі қол еңбегімен тазартылады. Сондықтан техника қарыштап дамығанымен, адам еңбегін толық алмастыра алмайтынын жоққа шығаруға болмайды.

— Әрине, ел астанасын жыл он екі ай бойы санитарлық тазалығын сақтауда қарапайым жұмысшылардың орны бөлек екені даусыз. Сіздің мекеме жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға қаншалықты қолдау білдіріп, көңіл бөледі?

— Жұмысшыларды қолдау мақсатында бірнеше ынталандыру шараларын қолға

— Шаһардың санитарлық ахуалын сақтауда мекеменің техникамен толық жарактануы да маңызды шығар... «Астана Тазалық» коммуналдық кәсіпорны 2025 жылды қалай қорытындылады?

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Тазалық — бұл біздің өмір салтымызға айналуы керек. Ол әрбір адамның санасынан басталады» деген сөзі. Соған сәйкес, Президенттің бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы — бүгінгі қоғамның жаңа өркениеттік бағдарына айналды.

Астана қаласының әкімдігі осы бағытта нақты жоспарларды жүзеге асырып келеді. Жыл сайын ұйымдастырылатын жалпықалалық сенбіліктер, «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы, тұрғындардың қатысуымен өтетін ағаш отырғызу, саябақтарды тазарту, аулаларды абаттандыру шаралары — барлығы да тазалықты қоғам санасына сіңіруге бағытталған игі істер екені сөзсіз. Сондықтан тазалықты сақтау — бір ғана ұйымның емес, тұтас қоғамның жауапкершілігі.

Жалпы алғанда, Астана қысы 2025 жылы қолайлы болды. Қаладан қыс айларында 2,2 млн текше метрден астам қар шығарылды. 475 тонна реагент қолданылды. Күн сайын 600-ден астам техника мен 750-ден артық жол жұмысшысы қаланы ақ қар, көк мұздан тазалады. Ақпан мен наурыздың басындағы қарлы жауын кезінде жұмысшыларға біраз салмақ түсті. Жалпы алғанда, кейінгі 3-4 жылдың көлемінде қар тазалау, коммуналдық қызмет көрсету саласында айтарлықтай жетістіктерге жеттік десем болады.

— «Астана Тазалық» енгізген цифрлық шешімдерге көрші елдер де қызығып жатқан көрінеді. Жалпы, шешімдермен тәжірибе алмасуға қаншалықты назар аударасыздар?

— Қазір жаһандану заманы, іздену, үйрену уақыты. Сондықтан біз де өзміздің жаңалықтарымызды, жетістіктерімізді әлеуметтік желі арқылы, БАҚ арқылы таратуға тырысамыз. Сәуір айында біздің цифрлық шешімдер туралы құлағдар болған қырғыз ағайындар тәжірибе алмасуға келді. Бішкек қаласынан келген делегация кәсіпорында енгізілген технологиялық шешімдермен танысты. Біз оларға электронды жол парағы туралы жаңалықтарымызды таныстырдық.

Осыған дейін Алматы қаласының коммуналдық қызмет өкілдері зерттеп, танысты, қазіргі таңда олар өз мекемелеріне енгізу жұмысын бастап кетті. Республика бойынша жолдарды күтіп ұстауға жауапты «ҚазАвтоЖолсервис» кәсіпорны да электронды жол парағы жүйесін белсенді түрде енгізіп жатыр. Сонымен қатар облыстық және қалалық әкімдіктермен, коммуналдық мекемелермен келіссөздер жүргізілуде.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Тілегүл ЕСДӨУЛЕТ

ТҮЙТКІЛ

А Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Онсыз да тартылған теңіздің тауқыметін тартып жүрген Арал халқы құтты мекенін апат аранына айналдыруға жол бермейтінін айтып, дабыл қақты. Экобелсенділер соры бес елі сода зауыты экологиялық қауіпті одан бетер арттыра ма деп үрейленіп жүр.

Негізінен, Арал өңірі тартылған теңіздің зардабын әлі күнге дейін тартып келеді. Күнделікті теңіз ұлтананын көтерілген тұзды шаң ауаға тарап, адамзатқа айтарлықтай қауіп төндіруде. Ол аз десеніз, Кеңес заманында Возрождение аралында құпия түрде жұмыс істеген бактериологиялық сынақ алаңының зарбады әлі күнге дейін жергілікті жұртшылыққа кесел болып жабысып келеді. Осындай жағдайда тұрмыс кешіп жатқан ауданға ендігі кезекте сода зауытын салу қоғамның қарсылығын үдете түсті.

Жалпы, тұрғындар өмірден өміршең жобалардың ашылуына қарсы емес. Өндірістің өркен жайып, жаңа жұмыс орындарының ашылып, халықтың әл-ауқатының артқанын қос қолын көтеріп қолдайды. Дейтұрғанмен, ескі қытай әлісімен жұмыс істейтін сода зауытының зияны шаш-етектен екеніне қорқынышпен қарайды.

«Осыдан 3-4 жыл бұрын бұл жобаға халық жаппай қарсы шығып, құрылыс тоқтатылған болатын. Енді араға уақыт салып, бұл мәселені қайта қолға алмақшы. Зауыт салушылар оның ешқандай зияны жоқтығын айтып, дәлелдеуге тырысады. Алайда мұндай зауыттың зардабы әлемдік тәжірибеде әлдеқашан өз дәлелін тапқан. Арал өңірі онсыз да халықаралық деңгейде мойындалған апат аймағы саналады. Кепкен теңіз ұлтананын көтерілген тұзды шаң мен улы заттар ауаға тарап жатыр. Қазірдің өзінде өңірде түрлі ауру асқынып тұр. Яғни ауданда ана құрсағынан түрлі дертке шалдыққан нәрестелердің тууы, қатерлі ісік пен тыныс жолдары ауруларының көрсеткіші өте жоғары. Осындай қауіп құшағында отырған өңірде енді сода өндірісін салу қисынға соқпайды. Өйткені келешекте іске қосу жоспарланған Сарышығанақтағы шлам, яғни қалдық полигоны ертенгі ұрпақ үшін үлкен қасіретке айналады деп есептеймін», — дейді Арал тұрғыны Жұмабай Айымбетов.

Оның айтуынша, жоба бойынша зауыттан шыққан зиянды химиялық қалдықтарды (шлам) Сарышығанақ тұсындағы кеуіп қалған өзекке жинау көзделген. Адамзат тағдыры үшін басты қауіп — осы. Өйткені күндердің күнінде ол өзекке су келсе, бұл химиялық улы қалдықтардың Арал теңізіне

Экологиялық апат аймағы саналатын Арал өңірінен кальцийлендірілген сода зауытын салу бастамасы қайта қозғалғанына тұрғылықты халық алаңдап отыр. Бұған дейін, шамамен 3-4 жыл шеңберінде теңізді аймақтан адам өміріне қауіпті саналатын жаңа зауытты іске қосуға жергілікті халық түбегейлі қарсы болған еді.



СОДА ЗАУЫТЫ: СЕҢІМ МЕН СЕКЕМ АРАСЫ

ағып кету қауіп басым. Соның салдарынан теңіздегі өсімдіктер мен жәндік атаулы түгел қырылуына әкеп соқтыруы бек мүмкін. Сонымен қатар бұл аумақ — қаншама шаруа малын бағып, нәпақасын айырып отырған жайылым жер. Демек, өңірдегі мал шаруашылығының да болашағына балта шаба ма деген қорқыныш бар.

Экобелсенді шикізатты тасымалдау барысында улы қалдықтардың төгілуіне ешкім кепіл бола алмайтынын алға тартады. Негізінен, зауытқа қажетті шикізат Аралдың шығыс жағындағы «Аралтұз» кенішінен тасымалданатыны айтылады. Ал осы бір тамшысы қоршаған ортаға орасан зиял келтіретін шикізатты қала іргесіне тасымалдауда үлкен төуекелге барып отыр деген пікірде.

Соған орай белсенді топ Арал халқының денсаулығы мен қауіпсіздігіне айтарлықтай қатер төндіретін жобаның жүзеге асырылуына түбегейлі қарсылық танытып отыр. Осы орайда Арал халқы ең болмағанда зауытты қаладан алыстатып, шикізат қоры сақтауға «Аралтұз» кеніші маңынан салса деген ұсыныстарын да жеткізді. Яғни зиянды өндіріс орнын қала іргесінен, теңіз төскейінен

алыстатуы ұсынады. Аралдың соңғы байлығы — оның халқы. Сондықтан халықты ұлауға жол берілмейді деген пікірді ұстанады.

«Арал өңірі — Қазақстандағы ең ауыр экологиялық апат аймақтың бірі саналады. Бұл өңір халқы теңіздің тартылуы салдарынан талай жылдар бойы тұзды дауылдың, ауызсу тапшылығының, тыныс алу жолдары ауруларының және қоршаған ортаның ластануының зардабын тартып келеді. Ежелден түрлі дерттің құрсауында отырған тұрғылықты халық енді Арал қаласы маңында кальцийлендірілген сода өндіретін зауыт салу жоспарын естіп, алаңдап отыр. Әсіресе өндірісте қолданылатын технологияның ескі екендігі туралы ақпарат тұрғындарды одан сайын елең-алаң күйге түсірді. Соған орай Арал халқының басты талабы — экономикалық пайда ғана емес, ең алдымен адам денсаулығы мен қоршаған ортаның қауіпсіздігі ескерілуі тиіс. Экологиялық апат аймағында тұратын халықтың денсаулығы онсыз да әлсіреген. Сондықтан жаңа өндіріс орнының ауаға, топыраққа, жерасты суларына және тұрғындардың өмір сапасына әсері жан-жақты зерделеніп, тәуелсіз сараптамадан өтуі қажет. Біз өндіріс пен

инвестицияға қарсы емеспіз. Керісінше, жаңа жұмыс орындарының ашылғанын қалаймыз. Алайда кез келген жоба халықтың денсаулығы мен экологиялық қауіпсіздігінен жоғары тұрмауы керек», — дейді Арал өңірінің тағы бір тұрғыны Ғабит Мырзаев.

Жалпы, Арал өңірі халқының наразылығы Қызылорда облысының жаңа әкімі Мұрат Ерғешбаев пен «Аралтұз» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы Дәурен Мұқашевтің өңірлен кальцийлендірілген сода зауытын салу мәселелерін талқылаған кездесуінен кейін қайта туындап отыр. Кездесуде мәлім болғанда, өндіріс орнында жылына 330 мың тонна кальцийленген сода өндіру көзделген. Жоба іске қосылған кезде 699 жаңа жұмыс орны ашылады деген жоспар бар. Қазір «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы жоба қаржыландыру рәсімінің өткізіліп жатқаны мәлім болды. Нақты айтқанда, биылғы 20 наурызда қаржыландырудың бірінші кезеңіне қажетті құжаттар тапсырылып, жоба толық мақұлданыпты. Өткен қаңтар айында зауыт құрылысын салатын мердігерді анықтау үшін өткізілген тендердің қорытындысымен қытайлық China Tianchen Engineering

Corporation компаниясы жеңімпаз болып танылғаны да жария болды. Қазір қос тарап өзара келісімшарт жасап жатыр екен.

Осы орайда әлемдік тәжірибеге сүйенсек, бүгінде көптеген елде сода зауыттары жұмыс істейді. Оның ішінде Түркия, Қытай, АҚШ және Индия сода өндірісі дамыған жетекші елдер қатарына кіреді. Дегенмен де бұл елдерде зауыттар заманауи сүзгі жүйелерімен жабдықталып, өндірістік қалдықтарды қайта өңдеу, ауаға таралатын шаң мен газдарды қатан бақылауда ұстау жүйесі енгізілген. Сондай-ақ жерасты және жерүсті суларына тұрақты мониторинг жүргізуі де назардан тыс емес. Өйткені зауыт жұмысы талапқа сай жүргізілмесе, өндіріс орнында өк тасы мен басқа шикізаттарды өңдеу сәтінде аса зиянды шаң бөлініп, ауаны ластау ықтималдығы ескерілген. Бұл бірінші кезекте тұрғындардың тыныс алу жүйесіне әсер ету қаупін арттырады. Сонымен қатар су ресурстарына әсерін де тұрақты бақылауда ұстайды. Себебі, суды көп мөлшерде қажет ететін сода өндірісі ағын сулар дұрыс тазартылмаса, табиғи су көздеріне зиянын келтіретін іс жүзінде көрініс тапқан. Сол сияқты өндіріс кезінде бөлінетін тұзды және өкті қалдықтарды арнайы қауіпсіз полигондарда сақтауға баса мән беріледі. Қалдықтарды басқару жүйесі қатан бақылауда болмаса, топырақтың тұздану қаупі туындайтыны тәжірибе жүзінде дәлелденген.

Соған орай аралдық белсенді топ Үкімет пен жауапты мемлекеттік органдарға өз талаптарын да ұсынып отыр. Алдымен аталмыш жобаның қоршаған ортаға әсерін бағалау қорытындыларын толық әрі ашық жариялауды талап етеді. Сондай-ақ тәуелсіз экологтар мен ғалымдардың қатысуымен қоғамдық тыңдаулар өткізу. Арал тұрғындарының пікірін ескеру, қолданылатын технологияның халықаралық экологиялық талаптарға сәйкестігін дәлелдеу қажет деп есептейді. Ең бастысы, халық денсаулығына төнетін қауіп төзімсіз зерттелмейінше, зауыт құрылысын салуға рұқсат бермеу қажет деген пікірде. Теңізді өңір халқы таза ауада өмір сүруге, денсаулығын сақтауға және болашақ ұрпағына қауіпсіз орта қалдыруға құқылы деген ойын жеткізді.

Қалай дегенде де жергілікті жұртшылық сода зауытынан бөлінетін аса қауіпті өндірістік қалдықтар Арал өңірінің экологиялық зардабын одан бетер ұшықтырып жібермей ме деген қорқынышта отыр. Соған орай жобаны жүзеге асырмас бұрын оның экологиялық қауіпсіздігін қаперде ұстаған абзал сияқты. Ең бастысы, Арал өңірі тәжірибе жасайтын алаң емес екенін естен шығармау қажет.

АЙМАҚ

16 МАУСЫМ 2026 | СЕЙСЕНБІ



Қызылорда облысы дәстүрлі түрде аграрлы аймақ ретінде танылған. Ежелден Сырдың басты брендіне айналған күріш шаруашылығы – өңір экономикасының негізгі тіректерінің бірі. Бұған қоса мұнай-газ саласы да облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосып отыр. Дегенмен қазір экономиканы әртараптандыру қажеттілігі күн тәртібінен түскен емес.

А Ербақыт ЖАЛФАСБАЙ, Қызылорда облысы

Ақ күріші жайқалған аймақтың негізгі күнкөрісі дала қосының дүбірімен тікелей байланысты. Ерте көктемнен егінжайда еңбек көрігін қыздырған дикан қауымының берекелі күзде жер-анадан жиған еншісі тұтас елімізге азық болып тұр. Алайда соңғы жылдары қыспаққа алған қуаншылықтың зардабы егінжайдағы еңбектің екпінін бәсеңдетіп тастады. Соған орай кейінгі жылдары өңірді индустрияландыру бағытына да басымдық беріле бастады. Яғни өңір экономикасының жаңа драйверлерін қалыптастыру маңызды міндетке айналды.

Негізінен, Сыр өңірінің табиғи ресурстық әлеуеті жоғары. Нақты айтқанда, аймақта мұнай, газ, уран секілді пайдалы қазбалармен қатар, құрылыс индустриясын дамытуға қажетті шикізат қоры да мол. Мұндай мүмкіндіктер жаңа өндіріс орындарын ашуға негіз бола алады. Сондықтан да соңғы жылдары облыста индустрияландыру саясатына ерекше басымдық берілуде.

Индустрияландыру бағытындағы ең ірі жобаның бірі – Қызылордадағы шыны өндіру зауыты. Бастапқы кезеңде бірқатар қиындыққа тап болғанымен, бүгінде кәсіпорын тұрақты жұмыс істеп, құрылыс материалдары нарығын отандық өніммен қамтамасыз етуге үлес қосуда. Ең бастысы, осы зауыттың айналасында шыны кластерін

СЫРДЫҢ ИНДУСТРИЯЛЫҚ СЕРПІНІ ҚАЛАЙ?

қалыптастыруға мүмкіндік пайда болды.

Бұл бағыттағы жұмыстар биыл жаңа деңгейге көтерілді. Жақында Қызылордада бірден екі ірі өндірістік жобаның іргетасы қаланды. Оның алғашқысы – әлемдік деңгейдегі испандық Rosa Group компаниясының санитарлық-техникалық бұйымдар шығаратын зауытының әлеуеті жоғары бағаланып отыр. Бұл жоба «KAZAKH INVEST» ҰК АҚ қолдауымен жүзеге асырылып отырғанын да айта кеткен абзал.

Негізі, жүз жылдан астам тарихы бар бұл компанияның өнімдері әлемнің 170-тен астам еліне экспортталады. Қазақстандағы алғашқы өндіріс орнын дәл Қызылордада салу туралы шешімнің өзі өңірдің инвестициялық әлеуетін аңғартса керек.

Қызылорда облысы әкімдігінің мәліметіне сәйкес, жалпы құны 44,1 млрд тенге шамасында қаржыға салынатын аталмыш зауыт құрылыс жұмыс орны ашылып, жергілікті мамандар халықаралық стандарттарға сәйкес даярланады деп күтілуде. Зауыт толық іске қосылса, аймақтың инвестициялық ахуалын арттыруға үлкен сеп болмақ.

– Мемлекет басшысы «Жаңа инвестициялар, ең алдымен, еліміздегі заманауи өнеркәсіптің негізін қалыптастыруға бағытталуы керек» деген болатын. Кейінгі жылдары өңірміздің инвестициялық әлеуеті артып, ірі жобалар табыста жүзеге асуда. Соның негізінде аймақ экономикасына 2,3 трлн теңгеден астам инвестиция тартылды. Алдағы үш жылда 1,9 трлн теңгеге 48 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарлануда. Нәтижесінде, 10 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады.

Осы орайда кезекті ауқымды жобаны Сыр өңірінде жүзеге асырғаны үшін испандық Rosa Group компаниясына ризашылығымызды білдіреміз. Бұл бастама өңір экономикасына жаңа серпін беріп, экспорттық әлеуетті арттыруға және жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Біз отандық және шетелдік инвесторлармен әрдайым ашық әрі сенімді қарым-қатынас орнатып, нәтижелі жұмыс істеуге дайынбыз, – делі зауыттың қапсула салу рәсімінде Қызылорда облысының әкімі Мұрат Ерешбаев.

Сол сияқты екінші маңызды жоба саналатын Seven Rivers компаниясының шыны ыдыстар шығаратын зауыты да жоғары маңызға ие. Жоба құны 60 млрд теңгені құрайтын кәсіпорын жылына 240 млн дана шыны ыдыс өндіреді деген жоспар бар. Бұл жоба өңірдегі шыны өндірісінің жаңа кезеңін бастап бермек. Зауытта 500-ден астам адам тұрақты жұмыспен қамтылып, ел аумағынан жиналған шыны қалдықтарын қайта өңдеу арқылы экологиялық әрі экономикалық тиімді өнім өндіру көзделіп отыр.

Бұл екі жоба да қосымша сервистік кәсіпорындардың, логистикалық орталықтардың және шағын өндірістердің дамуына жол ашады деген үміт зор. Сарапшылар тарапынан да мұндай кәсіпорындар төңірегінде тұтас өндірістік экожүйе қалыптасатынын жоққа шығармайды.

Сыр өңіріндегі индустрияландырудың тағы бір маңызды тетігі – арнайы экономикалық және индустриялық аймақтың құрылуымен маңызды. Бұл мақсатта өңірде 550 гектар аумақты қамтитын «Қорқыт Ата» арнайы экономикалық аймағы құрылғаны көпке мәлім. Қазір мұнда құрылыс материалдарын өндіру, машина жасау, химия өнеркәсібі, логистика, электр жабдықтарын

шығару секілді 18 басым бағыт белгіленген.

Сонымен қатар облыста жалпы көлемі 515 гектардан асатын алты индустриялық аймақ жұмыс істейді. Бүгінде бұл алаңдарда 112 млрд теңгенің 37 жобасы жүзеге асырылып, мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылған. Әсіресе, «Өндіріс» индустриялық аймағы шыны, керамика және құрылыс материалдарын шығаратын кәсіпорындардың шоғырланған орталығына айналып келеді. Бұл жайында аймақ басшысының China State Construction Engineering Corporation компаниясының өкілдерімен кездесуінде мәлім болды. Осы кездесуде тараптар өңірден индустриялық паркттер салу, инженерлік инфрақұрылымды дамыту, өндірістік және логистикалық нысандарды жандандыру бағытындағы ынтымақтастықты кеңейтуге уағдаласты. Яғни келешекте өзара тиімді әріптестікті дамыту және бірлескен инвестициялық жобаларды одан әрі жалғастыру жоспары нақтыланды.

Сыр өңірінде ірі өнеркәсіпке қарағанда құрылыс материалдарын өндіру, ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу, тамақ өнеркәсібі, химия өндірісі, жанартылатын энергия көздері мен логистикалық қызметтерді дамытудың тиімділігі сарапшылар тарапынан бұрыннан айтылып жүр. Осы орайда бұл өңірдің аграрлы аймақ мәртебесінен толықтай бас тартатынын білдірмейді. Есесіне индустриялық секторды қатар дамыту арқылы аграрлы-индустриялық өңірге айналуға жол ашады деген көзқарас байқалады.

Жалпы, ежелден ауыл шаруашылығы саласы қарқынды дамыған өңірде соңғы жылдары қолға алынған өндірістік жобалар Сыр елінің жаңа индустриялық келбетін қалыптастырып келеді. Соның ішінде бұған дейін күріш пен мұнайға сүйенген аймақ бүгінде шыны өндірісі, құрылыс индустриясы, машина жасау және өңдеу өнеркәсібі бағытында жаңа мүмкіндіктерге жол ашып отыр.

ЕР БӘУКЕҢНІҢ АУЫЛЫ ЕҢСЕСІН ТІКТЕЙ ТҮСТІ

Бүгінде Жамбыл облысы дамуың даңғыл жолында. Бұрнағы кезі болашағы бұлыңғырдай көрінген өндіріс саласы өрістеп, әлеуметтік әлеуеті де күн санап артып келеді. Бұған, әрине, елді мекендердің еңсесін тіктеген жобалар көп септігін тигізуде. Міне, сондай баянды болашаққа желкен кереген өлкенің бірі – Жуалы ауданына аймақ басшысы арнайы ат ізін салып, облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін бірқатар нысанның тынысымен танысты.



А Саятхан Сатылған, Жамбыл облысы

Аймақ басшысы алдымен Нұрлықент ауылында орналасқан «Бурное Солар» ЖШС-ның жалпы қуаты 100 МВт болатын күн электр стансасына аяладалы. Екі станса жылына 145 млн кВт/сағат электр энергиясын өндіреді. Кәсіпорында 6 адам тұрақты жұмыспен қамтылған, қосымша 44 жергілікті тұрғын еңбек етеді.

Облыс әкімі станса аумағында ауыл ақсақалдарымен кездесіп, өңірді дамыту және ауылдың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыру мәселелері жөнінде пікір алмасты. Ербол Қарашөкеев өңірдің жанартылатын энергия көздерін дамыту бағытында республикадағы жетекші аймақтың бірі екенін атап өтіп, бұл салаға инвестиция тарту мен өндіріс көлемін арттыру жұмыстары алдағы уақытта да жалғасуға тиіс екенін айтты.

Бұдан кейін облыс әкімі Нұрлықент ауылында салынып жатқан Дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылыс алаңына барды. Әлеуметтік нысанның құрылысы 2025 жылдан өтпелі жоба ретінде жүзеге асырылуда. Мердігер мекеме – «Сырым Блеке» ЖШС. Өңір басшысы мердігер ұйымға құрылыс жұмыстарын белгіленген мерзімде әрі сапалы аяқтауды, ал аудан әкімдігіне жобаның орындалуын тұрақты бақылауда ұстауды тапсырды.

Сапар барысында Боранды стансасындағы вокзал ғимаратын қайта жаңғырту жұмыстарының барысы да зерделенді. Қазір құрылыс-монтаж жұмыстарының 83 пайызы орындалған. Ғимараттың сыртқы қабырғалары мен ішкі бөлмелерін қалау, ішкі сылақ жүргізу, сыртқы әрлеу және терезелер орнату жұмыстары толық аяқталған. Нысан құрылысына 33 жұмысшы мен 3 арнайы техника жұмылдырылған. Облыс әкімі теміржол вокзалдарын жаңғырту Мемлекет басшысы мен Үкіметтің ерекше бақылауындағы мәселе екенін атап

өтіп, құрылыс сапасы мен белгіленген мерзімнің сақталуына баса назар аударды.

Жұмыс сапары аясында Ербол Қарашөкеев Боранды стансасы маңында автокөліктердің қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету мақсатында салынып жатқан жол өткелінің құрылысымен де танысты. Сондай-ақ Ақтоған ауылындағы «Ренессанс» шаруа қожалығында болып, ауыл шаруашылығы саласындағы атқарылып жатқан жұмыстарды көрді.

Облыс әкімі нысандарды аралау барысында жауапты тұлғаларға барлық жобаларды сапалы әрі уақытылы аяқтау, сондай-ақ тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған бастамаларды жүйелі түрде жалғастыру жөнінде нақты міндеттер жүктелді. Жұмыс сапары барысында Ербол Шырақпайұлы Жуалы ауданының Қайрат ауылында тұрғындармен кездесу өткізіп, елді мекеннің өзекті мәселелерін тұрғындармен бірге талқылады.

Басқосу Мемлекет басшысының «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығына сәйкес еркін форматта ұйымдастырылды. Кездесу барысында аудан тұрғындары өз ұсыныс-пікірлерін білдіріп, көкейде жүрген сауалдарын тікелей облыс әкіміне жолдады. Алдымен өңір басшысы облыстың даму жоспары мен биылғы төрт айда қол жеткізілген нәтижелерге тоқталды. Облыс әкімінің айтуынша, өңір экономикасында тұрақты өсім сақталып, негізгі көрсеткіштер бойынша он серпін қалыптасқан. Жыл басынан бері экономикалық өсім 17,9 пайызды құраған. Өнеркәсіп өнімінің көлемі 20,6 пайызға, құрылыс жұмыстары 27,3 пайызға, көлік саласы 17,5 пайызға, сауда 4 пайызға, байланыс қызметтері 3,8 пайызға, ал ауыл шаруашылығы 2,2 пайызға ұлғайған.

Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бағытындағы жұмыстар да жүйелі жалғасуда. Биыл бұл салаға облыстық бюджеттен 32,6 миллиард теңге субсидия бөлінген. Ауыл

шаруашылығының жалпы өнімі 65,1 миллиард теңгеге жетсе, өсімдік шаруашылығында 665,4 мың гектар алқапқа ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыру жоспарланған.

Су ресурстарын тиімді пайдалану мәселесі де назардан тыс қалмаған. 2026-2028 жылдары жалпы ұзындығы 1 298 шақырымды құрайтын 236 канал қайта жаңғыртылмақ. Қазір 71 канал бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары басталып, жүзеге асырылуда.

Мал шаруашылығында да оң көрсеткіштер байқалады. Ет өндірісі (тірі салмақта) 1,9 пайызға, сүт өндірісі 1,8 пайызға өссе, жұмыртқа өндіру көлемі 35,7 пайызға артқан. Ал «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында биыл 380-нен астам жобаны қаржыландыру үшін 7 миллиард теңге бөлу көзделіп отыр.

Халықты тұрғын үймен қамту бағытында да нақты жоспарлар белгіленген. Жыл соңына дейін 770 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, әлеуметтік осал топтар үшін 4,9 миллиард теңгеге 350 пәтер сатып алынбақ.

Инженерлік инфрақұрылымды дамыту мәселесіне тоқталған облыс әкімі бүгінде өңірдегі 357 елді мекеннің барлығы сапалы ауыз сумен қамтылғанын айтты. Сонымен қатар 284 елді мекенге табиғи газ жеткізіліп, халықты көгілдір отынмен қамту деңгейі 91,8 пайызға жеткен.

Жұмыспен қамту саласында да нәтижелі жұмыстар атқарылуда. Төрт айдың ішінде 9,1 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылып, 7,4 мың адам тұрақты жұмыс орнын тапқан. Жұмыспен қамтудың белсенді шараларына 10,2 мың адам тартылып, жұмыссыздық деңгейі 4,8 пайызды құрап отыр.

Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту шеңберінде биыл облыста 11 білім беру, 3 денсаулық сақтау және 12 спорт нысанын пайдалануға беру жоспарлануда.

Кездесуде Ербол Қарашөкеев Жуалы ауданының әлеуетіне ерекше тоқталып, оның ауыл шаруашылығы саласын дамытуға қолайлы, егістік алқаптары мол, сондай-ақ көлік логистикасы мен туризмді өркендетуге мүмкіндігі зор өңір екенін атап өтті.

Жиын барысында тұрғындар ауылылық көшелерді жөндеу, жаңа мектептер мен спорт кешендерін салу, инфрақұрылымды жақсарту секілді мәселелерді көтерді. Облыс әкімі әрбір сұраққа жан-жақты жауап беріп, көтерілген ұсыныстар мен өтініштердің назардан тыс қалмайтынын жеткізді.

– Мемлекет басшысы Жолдауларында өңірлердің орнықты дамуы мен халықтың өмір сүру сапасын арттыруды мемлекеттік саясаттың басты басымдықтарының бірі ретінде айқындап келеді. Сондықтан жергілікті атқарушы органдардың негізгі міндеті – тұрғындардың әл-ауқатын жақсарту. Бұл бағыттағы жұмыстар барлық деңгейдегі әкімдердің үйлесімді іс-қимылы арқылы жүйелі түрде жүзеге асырылады.

Халық игілігі жолында атқарылған әрбір іс – қоғамдағы бірлік пен татулықтың, өзара сенім мен жауапкершіліктің нақты көрінісі. Бүгінгі жетістіктердің барлығы тұрғындардың қажырлы еңбегі мен ортақ мақсатқа жұмылған күш-жігерінің нәтижесі, – делі облыс әкімі.

Иә, облыста атқарылып жатқан оң істер көп қуантанды. Бұл орайда Батыр Бауыржан Момышұлының тұран топырағы Жуалы ауданындағы игі істер жан жалдыратпай қоймайды.

Мемлекет басшысы айқындаған «Заң мен тәртіп» қағидаты азаматтардың құқықтарын қорғауға, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және құқықбұзушылықтың алдын алуға бағытталған маңызды бастамауың бірі болып отыр. Осы орайда Қарағанды қаласында бірнеше жоба қолға алынған.

ҚҰҚЫҚТЫҚ БАСТАМАНЫҢ БАҒЫТЫ АЙҚЫН



А Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ, Қарағанды облысы

Қарағандыда 29 мамыр мен қазан айы аралығында жастардың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған жаңа форматтағы жоба басталды. «Қаладағы заң мен тәртіп» атты квест-ойын жастарға құқық қорғау органдарының жұмысымен жақынырақ танысуға, заң талаптарын меңгеруге және азаматтық жауапкершілікті сезінуге мүмкіндік береді.

Ерекше форматтағы шара Қарағанды қалалық полиция басқармасында өтті. Оны Қарағанды қаласының әкімдігі, қалалық ішкі саясат бөлімі және Жастар ресурстық орталығы ұйымдастырды. Жобаға 16 мен 25 жас аралығындағы жастар, еріктілер, «Жасыл ел» еңбек жасастарының мүшелері, аула клубтарының тәрбиеленушілері және белсенді жастар қатысты.

Бүгінде жастар тәрбиесі мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру қоғам алдындағы маңызды міндеттің бірі саналады. Осы тұрғыдан алғанда Қарағанды қаласы әкімдігінің бастамасымен қолға алынған мұндай жобалардың маңызы ерекше. Себебі жастар заң талаптарын тек кітаптан оқып қана қоймай, мемлекеттік құрылымдардың жұмысын көзімен көріп, олардың қызметімен тәжірибе жүзінде танысады.

Жобаның басты мақсаты – жастар арасында құқықтық нигилизмнің алдын алу, заңға құрметті қалыптастыру және қоғамдық тәртіпті сақтаудың маңызын түсіндіру. Квест барысында қатысушылар түрлі мемлекеттік мекемелерге барып, олардың қызметімен танысып, арнайы тапсырмаларды орындап, білімдерін сынайды.

Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары Ләззат Ақылжанованың айтуынша, жоба бірнеше кезеңнен тұрады.

– Қатысушылар стансадан стансаға ауысып отырып, түрлі мекемелердің жұмысымен танысады. Жоба қорытындысы Республика күні қарсаңында шығарылады. Сонымен қатар жастар ақпараттық насихат

жұмысын жүргізіп, белсендігін көрсетеді. Бүгінде жобаға жүзден астам команда тіркелген. Бұл – қаламыздағы жастар арасында құқықтық мәдениетті дамытуға бағытталған ауқымды бастама, – делі ол.

Квесттің Полиция басқармасынан басталуы да кездейсоқ емес. Мұнда жастар әкімшілік және қылмыстық құқықбұзушылықтардың айырмашылығын, олардың жауапкершілік деңгейін, сондай-ақ заң бұзудың салдарын білді.

Әсіресе буллинг, бопсалау, интернет-алаяқтық, киберкылмыс және есірткі қылмыстары сияқты қазіргі қоғамда өзекті болып отырған мәселелерге ерекше назар аударылды. Полиция қызметкерлері жастарға құқықбұзушылықтардың алдын алу жолдарын түсіндіріп, қауіпсіздік ережелері жөнінде ақпарат берді.

Қатысушылар полицияның күнделікті қызметімен де танысты. Олар арнайы техникаларды көріп, полиция мотоцикльдеріне отырып, қызметтік құрал-жабдықтарды тамашалады. Сондай-ақ кинологтардың жұмысын бақылап, қызметтік иттердің кәсіби дайындығына куә болды.

Қарағанды қалалық Полиция басқармасының Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл бөлімінің аға деңгейлі Ольга Мельниковаңның айтуынша, мұндай кездесулер жастардың құқық қорғау органдарына деген сенімін арттырады.

– Біз жастарға полиция қызметінің қалай жүзеге асатынын көрсетіп қана қоймай, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарымызды таныстырамыз. Қазір Бүкіләлемдік есірткіге қарсы күрес күніне арналған бір айлық акция да өткізіліп жатыр, – делі ол.

Квестке қатысқан жастар да іс-шарадан алған әсерін бөлісті. Еріктілер командасының мүшесі Рината Хасянова полиция қызметкерлерінің жұмысы мен кинологтардың кәсіби шеберлігі ерекше әсер қалдырғанын айтты. Ал аула клубының мүшелері мұндай кездесулердің болашақ мамандық тандауға да көмектесетінін жеткізді.

16 МАУСЫМ 2026 | СЕЙСЕНБІ

Жаһан жұртына әйгілі du Soleil циркі 4-7 маусым аралығында Астана халқының назарына OVO шоуын ұсынды. Бұл шоу 17 жылдық тарихында әлемнің 50-ге жуық елінде көрсетіліп, 10 миллионнан аса көрерменнің ыстық ықыласына бөленген. Енді еліміз де алғаш рет өнер ұжымының танымал қойылымының әлемдік гастрольдік бағытына еніп, OVO халықаралық гастрольдік туры өткен 47-ел атанды. Қазір Cirque du Soleil ұжымы алғаш рет Алматыға келіп, қала жұртын қуанышқа кенелтті. OVO шоуы Almaty Arena сахнасында 14 маусымға дейін жалғасады. Жалпы, ел бойынша 14 қойылым жоспарланған, ал ұйымдастырушылар шамамен 70 мың көрермен көзайым болады деп болжам жасайды.

Айсұлу СЪЕЗХАН

ЖАНУАРДАН
БАС ТАРТҚАН ЦИРК

Алдымен Cirque du Soleil-дің тарихына көз жүгіртуді жөн деп таптық, себебі әдетте цирк дегенде, сахналық көріністерді жан-жануарсыз елестету өте қиын. Cirque du Soleil – осы бір түсінікті бұзып, әлемдік цирк сахнасына құбылыс сыйлаған ұжым. Cirque du Soleil сахнадан жануарларды толық алып тастап, цирк өнеріндегі ең ірі революцияны жасады. Бұл шешім компанияның бастапқы кезеңнен-ақ қабылданып, циркті тек адам мүмкіндігіне, акробатика мен театрлық өнерге сүйенген жаңа форматқа өзгертті. Осылайша, цирк классикалық «нөмірлер тізбегін» емес, тұтас бір сюжеттік спектакль ұсынады. Сахналық қойылым бағдарламасында би,



театр, акробатика, жанды музыка бір арнаға тоғысады.

Цирк тарихы 1980 жылдары Канаданың Квебек қаласында бастау алған. Бүгінде компанияның атағы жер-жаһанға тарап, қойылымдарын әлемнің 450-ден аса қаласында жүздеген миллион көрермен тамашалаған. Du Soleil 42 жылдық тарихында Қазақстанға екінші мәрте келіп отыр. Танымал ұжым елімізде EXPO-2017 халықаралық көрмесі өткен кезде өнерін паш етіп еді. Қазір компанияда 80-нен аса ұлттың 4 мың қызметкері еңбек етіп келеді, соның ішінде 1 200 әртис жұмыс істейді. Айтарлығы, Cirque du Soleil биыл бір уақытта 17 шоу көрсетуді жоспарлап отыр.

OVO ШОУЫНА ШОЛУ

Cirque du Soleil-дің ең танымал қойылымдарының бірі – OVO шоуы. OVO сөзі португал тілінен аударғанда, «жұмыртқа» деген мағына береді. Сахналық туынды жәндіктердің беймәлім бір жү-



ӘЛЕМГЕ ӘЙГІЛІ

ЦИРКТИҢ ҚАЗАҚСТАНҒА ҚАДАМЫ

мыртқаны тауып алуымен басталады, одан кейінгі оқиғалар да осы жұмыртқаға байланысты өрбіп отырады. Дәстүрлі цирк ұғымын түбегейлі бұзған ұжымның өнеріне сүйсініп, театрландырылған көрініске күй болғандаймыз. Шоу табиғаттың кішкентай бөлшегінің де маңызы мен мәнін түсіндіріп, табиғаттағы қайнап жатқан тұтас тіршілікке назар аудартады. Жәндіктер арасындағы достық, сүйіспеншілік, махаббат хикаясы кішкентай көрермендердің де көңілінен шықты, қойылым сюжеті жеңіл әрі қызықты болғандықтан, кез келген жанды ынтықтырып әкетті.

— 40 жасымда әлемді дүр сілкіндірген әйгілі du Soleil циркінің өнерін тамашалау нәсіп болды. Бөлек бір әсер алдым, басқа бір елде отырғандай күй кештім. Әр әртістің көрерменге деген ықыласы мен өнерге деген құрметін сездім.



Цирк тарихы 1980 жылдары Канаданың Квебек қаласында бастау алған. Бүгінде компанияның атағы жер-жаһанға тарап, қойылымдарын әлемнің 450-ден аса қаласында жүздеген миллион көрермен тамашалаған. Du Soleil 42 жылдық тарихында Қазақстанға екінші мәрте келіп отыр.

Әртістер алты метрлік қашықтықтағы платформалар арасында бір-бірін лақтырып, адам трапециясына ұқсас күрделі акробатиканы орындайды. Труппаның басты ерекшелігінің бірі – орындаушылардың кәсіби деңгейі. Әртістердің елеулі бөлігі – бұрынғы спортшылар, бұл қатарда халықаралық чемпиондар, гимнастар, кәсіби акробаттар және синхронды жүзушілер де бар. Олар күн сайын репетиция алдында 1,5 сағаттық қыздыру жаттығуларын жасайды.

OVO қойылымында музыкалық сүйемелге ерекше мән берілген. Шоудағы барлық әуен арнайы жазылған және оркестр мен вокалистер жанды дауыста орындайды. Қойылымды сахналауға жеті адамдық музыкалық топ, вокалистер мен үш клоун да қатысқан. Байқаныңыздай, өнер ұжымы көрермен назарына ұсынатын туындыны қай қырынан да сапалы дайындауға күш

Компания өкілдерінің айтуынша, ол жәндіктер әлеміне деген ұзақ жылдық қызығушылығы арқылы тұтас көркем әлем қалыптастырған. Ал Cirque du Soleil көркемдік директоры Олаф Трибель әр шоуы дайындауға кемі үш жыл уақыт кететінін айтты.

— Жаңа қойылым идеясы пайда болған сәттен бастап премьерға дейін әдетте үш жыл өтеді. Алдымен режиссер мен шығармашылық топ концепция мен сюжетті әзірлейді, кейін жарық, декорация дизайнерлері мен композитор қосылады. Шамамен бір жыл бұрын кастинг басталады, кейін әртістер Монреальда қарқынды дайындықтан өтеді, — дейді Олаф Трибель.

БІР ҚОЙЫЛЫМ ҮШІН ЕКІ ҰШАК...

— Бүгінде Астана мен Алматыда цирк талаптарына толық сәйкес келетін екі алаң бар. Ақпан айында біз Cirque du Soleil инженерлерімен бірге нысандарды тексердік. Құрылымдардың жүк көтерімділігі, инженерлік жүйелердің тұрақтылығы, электрмен жабдықтау мен интернет байланысының сенімділігі тексерілді. Тек инженерлердің оң қорытындысынан кейін ғана шоу өткізу және билет сатуды бастау туралы шешім қабылданды, — дейді жобаның ұйымдастырушысы Виктория Торгунакова.

Ел тарихында мұндай ауқымды бағыттағы іс-шара болған емес. Барлық жабдықты, декорациялар мен әртістердің сахналық бейнесін жасауға қажетті заттарды тасымалдау үшін кемінде екі жүк Boeing ұшағын тартуға тура келді, яғни Қазақстанға 200 тоннадан аса жүк әкелініпті. Ұйымдастырушының айтуынша, цирк кір жуу, үгістеу, ас әзірлеу, киім тігу қызметтері мен жабдыктарын да өзімен бірге алып жүреді. Ұшақтардың бірі жартылай ас әзірлеуге лайықталған, себебі күрделі жанрадағы әртістердің ас қорыту жүйесі дұрыс жұмыс істеуі үшін талапқа сәйкес мәзір дайындалады. Ал OVO шоуы үшін 800 костюм элементі қолданылған, барлық костюм Cirque du Soleil компаниясының Монреальдағы шығармашылық орталығында арнайы тігіледі. Гастрольдік турдағы әртис киімдерін бес маман қадағалап отырады. Әр костюм әртістің жеке ерекшелігіне лайықталып дайындалады, ал әртістер сахна сыртында гримді өзі жасайтынын білгенде, қатты таңғалдық.

— Cirque du Soleil-де әр әртис гримін өзі жасайды. Бұл өнерге бізді алғаш рет 2017 жылы үйреткенде, маған образды жасау үшін шамамен бір жарым-екі сағат уақыт кететін. Қазір көпжылдық тәжірибенің арқасында бұл тапсырманы 10-15 минуттың ішінде орындай аламын, — дейді цирк әртісі Дмитрий Федоровский.

Ерекше айтарлық түс, жобаны ұйымдастырушылар әлеуметтік қолдауға да айрықша көңіл бөлген. Мәселен, ерекше қажеттілігі бар балалар мен әлеуметтік мекемелердегі бүлдіршіндерге 200-ден аса билетті сыйға берген.



салады. Әртістер қауіпті трюктер ғана орындап қойған жоқ, олардың әрбірінің жанарында жарқыл бар, харизмасы, актерлік шеберлігі, көрерменмен өзара байланысы бәрінен де шынайы шықты. Бұл туындыда қарапайым көрерменді де сахнаға алып шығып, ерекше импровизациялық ойындар көрініс табады. Өнер ұжымы қауіпсіздік пен технологияның дамығанына қарамастан, шоуға акробатикалық элементтерді еш сақтандырусыз жасайды. Осындай ерекше қойылымды қазақ жұртына ұсынуға бір жарым жылдан аса уақыт кеткен екен. Қызығы, бұл шоу осыдан бір жарым жыл бұрын ғана қайта өңделіп, көрерменге жаңа нұсқада ұсынылған. Декорациялар, музыка, костюмдер, кейіпкерлер жанартаудан өтіп, бағдарламаға жаңа акробатикалық нөмірлер енген.

Қойылымды әлемге әйгілі бразилиялық хореограф Дебора Колкер жасаған.



AMANAT
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Албап АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Сағатхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдбигет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАК –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 875-42-14, 8(777) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.ait@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4751
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сіпеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

010000, Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқын» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның
жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор –
Айсұлу СЪЕЗХАН